



12.07.2019 ж. Жобаға өтініш беру.

01.09.2019 ж. Жобаға қатысу туралы бұйрық.

Қыркүйек 2019 ж. Жобаға қатысушы команда құру:

1. Алибекова С.С. – химия пәні мұғалімі
2. Касимова Д.А. – директордың бейіндік ісі жөнінде орынбасары
3. Сапарова А.Қ. – ағылшын пәні мұғалімі
4. Тулекокова С.С. – мектеп-лицей директоры
5. Ташенова Ш.М. – директордың оқу ісі жөнінде орынбасары



1. Аюбаева Н.А. – жоғары білім беру мектебі, Назарбаев университетінің маманы

2. Коллин МакЛафлин – Кембридж Университетінің профессоры
3. Кейт Эванс – Кембридж Университетінің профессоры
4. Дженни Ранкин – Bottisham Village College директоры

Сессияны ашуға Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Көлгінов Алтай Сейдірұлы қатысып, мұғалімдерге SHARE жобасының маңыздылығын және осы жобаға өзінің қызығушылығын, болашағынан зор үміт күтетінін, қолдайтынын білдіре отырып, сәттілік тіледі.




Жобаның идеясымен, Action research циклдарымен таныстық. Кембридждік менторлар жұмысты жоба принциптері және зерттеу қадамдарын таныстырудан бастады.

Іс-әрекеттегі зерттеудің айналымдарын көрсете отырып, бірінші айналымды жүзеге асыруға ұсыныс берді. Айналым қадамдары:

- ✓ Зерттеу саласын анықтау
- ✓ Зерттеуді жүргізу
- ✓ Тәжірибені зерделеу
- ✓ Қайтадан бастау
- ✓ Тәжірибені жетілдіру



1-сұрақ: Мұғалім болуыңа не себеп болды?
Мұндағы кілт сұрақ: **Не?** Бұл сұрақтың қойылу мақсаты: біздің ішкі уәжімізді қозғай отырып, мамандық таңдауда себепкер болған жайтқа оралу. Пікірлермен бөлісу барысында: әріптестеріміздің мұғалім болуына бастауыш сынып мұғалімі, ата-анасы, мұғалімнен эстетикалық ләззат алу, еліктеу сияқты әсерлердің түрткі болғанын байқадық.



2-сұрақ: Мектептің пайымдауын (vision) құрастыру, яғни білім алушылардың үйлесімді дамуына қажетті эмоционалды, инновациялық, интеллектуалдық және қауіпсіз орта қалыптастыру болды. Мұндағы кілт сұрақ: **Here?** Оқушыға мектепте барынша қауіпсіз ортада сапалы білім бере отырып, «Мен» тұжырымдамасы аясында бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу. «Оқушы үні» аспект ретінде алынғанымен, іс жүзінде мектеп ішіндегі кейбір мұғалімдер оның маңыздылығына көңіл бөлмеді.



Бірінші тапсырма: Мектептің проблемасын шығару мақсатында сұрақ қоя отырып, сұхбат жүргіздік. Екі мұғалім өзара сұхбаттасады, үшінші мұғалім бақылаушы. Бірақ берілген тапсырмадан нақты сұрақ шығара алмадық, сұхбат жалпылама жүргізілді. Барлық мектептердегі ортақ проблема: бала санының көптігі.

Екінші тапсырма: мектеп проблемасын постерға түсіріп, топтарда бөлісу барысында проблемаларымыздың ұқсастығын көрдік. Бізге Кембридждік әріптестер өздерінің мектептеріндегі іс-тәжірибемен бөлісе отырып, көшбасшылықтың маңыздылығын, ортақ мақсаттың болуын, бөлісу, білім алу жағдайын жасау керектігін ашып көрсетті.



- ✓ AR жүргізу үшін маңызды болып табылатын дағды сұрақ қоюда кедергілер болды.
- ✓ Мектептің пайымдауы, миссиясы, құндылықтары күрделі, есте сақтауға қиын формада жазылғанын түсіндік. Сондай-ақ, мектеп миссиясы мен пайымдауын анықтауда оқушылар, ата-аналар, қоғамдық орта араласпағанын мойындадық.
- ✓ Мұғалімдердің ішкі қарама-қайшылықтары (мен білемін, таныс нәрсені бейтаныс қылу, мұғалім тәжірибесіне рефлексия жасамау, сындарлы кері байланыс беру дағдысы жеткіліксіз, оқу мен оқытуда зерттеудің маңызын түсінбеуі, «Оқушы үнін» елемеу).
- ✓ Сұхбат жүргізудің әдісін білмейміз; үш адамның ортасындағы диалог кумулятивті әңгіме негізінде жүрді (рөлдер сақталмады); проблема табуда сандық мәліметтен шыға алмадық (бала санын алға тарта бердік); мұғалім өзі білетін мәлімет төнірегінде сұрақ қояды, ол өзге жауап алғанда ішкі қарсылық тудырады.



Жобаға енген 5 мектеп (№№37,58,59,67,76) мұғалімдері өзара жұптық, топтық жұмыс арқылы сұрақ қою дағдыларын жетілдірді. Тренерлер сырттай бақылау жүргізе отырып, түзетулер жасады. Workshop барысында 5 мектептің аудармашылары контентті түсінуімізге қолдау көрсетті.



Мектептің саясаты (миссия, пайымдау, құндылықтар) маңызды. Проблеманы анықтау үшін ашық сұрақтар қою керек.

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

«Ұстаздар-мектеп әлемін түсіну арқылы өзгертеді», «Мұғалімнің дамуынсыз білім беруді дамыту мүмкін емес... дамудың ең жақсы құралы - қорытындыны нақтылау емес, тәжірибені талдау», «Сіз әрқашан қалаған нәрсені ала алмайсыз..... бірақ тырыссаңыз.... сіз өзіңізге қажет нәрсені тауып қалуыңыз мүмкін» (Lawrence Stenhouse, 1981).

Сессия соңында мектептің хал-ахуалымен танысу үшін менторлар мектеп әкімшілігімен және оқушылармен мұғалімдерсіз кездесті.



ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ: Мектептеріңізде мектеп туралы көзқарас туралы нұсқаулық жобасын қарастырыңыз. Осы көрініске жету тұрғысынан өзіңді бағалаңыз. Осы тұжырымға жету үшін қандай дәлелдер келтіретініңізді қарастырыңыз.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, іс-әрекетті зерттеу жобаларына назар аударатын 3-5 басты бағыттарды растаңыз.



Үй тапсырмасын орындау барысы:

Мектеп әкімшілігі мен мектептің даму жоспарының сәтті орындалуына жұмыс жасайтын шығармашылық топтардың ішінде 4К (Critical Thinking, Creativity, Communication, Coolabaration) тобының мүшелерімен кездесу өтті. Кездесу барысында мектептің ішіндегі ахуалды, яғни мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы қарым-қатынастың қандай деңгейде екендігін және осы үш тараптың мектепте өзін-өзі қаншалықты бақытты сезінетіндігін анықтау мақсатымен сауалнама сұрақтары құрастырылды. Сауалнама сұрақтары G-form арқылы үш тарапқа да сілтемемен жолданды.

Сауалнама сұрақтары:

Оқушы үшін:

- Сіз мектепте бақыттысыз ба? Неліктен?
- Мектепте нені өзгерткіңіз келеді?
- Мектепке не үшін келесіз?
- Сабақты жақсы оқуға не кедергі?
- Мектепті жақсартуға қандай үлес қосы аласыз?

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

Ата-ана үшін:


- Сіздің балаңыз мектепте бақытты ма? Неліктен?
- Мектепте қандай өзгеріс болғанын қалайсыз?
- Балаңыздың жақсы оқуына не кедергі?
- Мектеп өмірін жақсартуға Сіздің үлесіңіз?
- Неліктен осы мектепті таңдадыңыз?

Мұғалім үшін:


- Сіз өзіңді мектепте бақытты сезінесіз бе? Неліктен?
- Мектепте нені өзгерткіңіз келеді?
- Кәсіби қызметіңіздің нәтижелі болуына не кедергі?
- Мектептегі ұжымдық мәдениетті, ортақ мүддені қалыптастыруда сіздің рөліңіз қандай?
- Сізді не ынталандырады?

Сауалнамаға жауап беруге бір апта уақыт берілді және жауап берген респонденттер саны: 320 оқушы – мектептің 2-11 сынып оқушыларының 15% құрады; 257 ата-ана – мектептің барлық ата-анларының 11% құрады, 28 мұғалім – мектептің барлық мұғалімдерінің 21% құрады.

Сауалнама арқылы алғашқы зерттеу қадамдарын жүзеге асыру үшін статистикалық деректер жиналды. Ол деректерді талдап статистиканың нәтижесін шығаруға тағы да 4К-тобы мен мектептің SHARE-бестігі 2019 жылдың 8-қарашасында жиналды.




Оқушы. Сабақты жақсы оқуға не кедергі?



SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education




(жалғасы қосымша 1-де)


Бірінші workshopта біз шығарған «оқушы санының көптігі білім сапасының төмендеуіне әсер етеді» деген проблема оқушы, ата-ана, мұғалімдерден алынған сауалнама нәтижесінде көрініс тапқан жоқ. Үшінші диаграммадан көргеніміздей, екі мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижелі болуына оқушы саны кедергі келтірген, бірақ біз оны тереңірек талдамаппыз. Дегенмен, бұл сауалнама мектеп қатысушыларының үнін естуге, талдау барысында «оқушы үніне» бетбұрыс жасауға мүмкіндік берді.


Бірінші зерттеу сұрағының сәтсіз құрылуы біздің сұрақ қоюда қиналатынымыздың дәлелі. Яғни біз, жалпы мұғалімдер сұрақ қойғанда ыңғайлы жауап алуды көздейміз. Сұрағымызға біз күткеннен өзгеше жауап алғанда, көбіне ішкі қарсылықтың туатының байқаймыз. Бірақ осы жайтқа: сұрақты дұрыс қоюмыздың нәтижесі деп немесе оқушының өзіндік пікірін қабылдауға мүмкіндік ретінде қараған жөн. Біздің зерттеу барысындағы ең үлкен кемшілігіміз: жасаған іс-әрекеттің нәтижесін көруге асығуымыз, себебі: үдеріс барысында көптеген маңызды сәттерге немқұрайлылық танытамыз.

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education


 Сауалнаманы талдауда сандық мәліметке ден қойдық; зерттеу сұрағы дұрыс қойылмағандықтан, проблема жоққа шықты. Сауалнамаға жауап беруде мұғалім белсенділігі төмен, қызығушылық болмады.

 Зерттеуге мектептің барлық оқушыларын және барлық мұғалімдерін қамтуға ұмтылмаңыз!

 11.11.2019 ж. SHARE бестігі бас қосып, педагогикалық кеңесте ұжымға SHARE жобасын таныстыруды, мектептің проблемасын анықтау үшін мұғалімдер арасында фокус-топтардың жұмысын ұйымдастыруды, мұғалімдермен тренинг өткізуді жоспарладық.


Фокус-топтарда сауалнама нәтижесіне оқушы, ата-ана, мұғалім тараптарынан қарап, мектептің негізгі проблемасын келесі сұрақтар арқылы анықтау болды:

- Сауалнамада осындай түсінік беруге не нәрсе түрткі болды?
- Осы жағдайға қатысты басқа көзқарас немесе оны түсіндірудің басқа тәсілі бар ма?
- Осы талдау тағы қандай мәселелерді көтереді?
- Жағдайды өзгерту үшін мұғалімге қандай стратегияны ұсына алар едіңіз?

 16.11.2019 ж. мектеп ұжымы SHARE жобасы бойынша ақпарат алып, сауалнама нәтижелеріне байланысты топтық талқылаулар өтті. Фокус-топтар респонденттердің әр-жауабына сұрақтар арқылы түсініктеме беруге тырысты. Осы орайда үш топқа да, түсініктемені өздеріне берілген тараптан (оқушы, ата-ана, мұғалім) қарастыру нақтыланды және позитивті жауапқа қарағанда негативті жауаптардан проблема шығару мүмкіндігі де айтылды.



Топтарда талқылау барысында анықталған проблемалар:



Үш топтың жұмысы нәтижесінде нақты проблема анықталмағаннан кейін екінші рет топтар жинақталды. Бірақ бұл жолы бірінші топтың құрамына өз ойларын еркін айтатын 9-11 сынып оқушылары және екінші топтың құрамына сыни тұрғыдан ойлау дағдысы жақсы қалыптасқан мұғалімдер іріктелді. Бұл топтар екі тараптың (оқушы мен мұғалім) нәтижесімен жұмыс жасады.



Бұл екі топ респонденттердің жауаптарын екі сұрақ төңірегінде қарастырды:

- Сауалнамада осындай түсінік беруге не нәрсе түрткі болды?
- Осы талдау тағы қандай мәселелерді көтереді?

Жұмыс барысында оқушылар да, мұғалімдер де қалыптасқан жағдайды барынша объективті бағалауға тырысты.

Оқушылардың анықтаған проблемалары:

- Мектептің ішіндегі қысым (мектеп дәретханаларында, мұғалімнің көзінен таса жерлерде атамандардың қысымы);
- Оқушылардың болашағына қажетті Soft skills сабақтарын тегін түрде енгізу (қаржы сауаттылығы, құжаттарды жүргізу, шешендік өнері, келіссөздер жүргізу);

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

- Асхана (қызметкерлердің дәрекі сөйлеуі және гендерлік бөліп жару, асхана проблемасын көбіне қыздар көтереді. Ал ұлдар барлығына өте риза, өйткені оларға деген қарым-қатынас сыпайы);
- Гардероб (ілігіштерді басқаша орналастыру керек және видеокамерамен жабдықтау
- Артық сабақтарды алып тастау (сабақтың аяғына қарай таңдау пәндерін қою)

Ұсыныс:

- Мұғалімдерге дер кезінде мектеп ішінде және сыртында болып жатқан құқық бұзушылықтарды жеткізіп отыру.
- Мектепшілік бақылауды (киім, шаш және т.б.) рационалды түрде бөлу.
- Мектеп әжетханаларына айна қою

Мұғалімдер анықтаған проблемалар:

- Мұғалімдер мақсатты, нақты сұрақты қою білмейміз (білмейтінін сұрауға, өзгенің пікірін білуге, өз-өзіне конструктивті кері байланыс жеткіліксіздігі);
- Зерттеу дағдысы қалыптаспаған (Өзімізді, жеке тұлғаны жағдаятта зерттей алмаймыз);
- Сұраныс пен ұсыныста сәйкестік жоқ (білім министрлігі дағдыға негізделген білімді қаласа, мұғалім аттестациядағы сұранысты, яғни олимпиада, ғылыми жоба, бағдарлама және т.б. қамтамасыз етумен айналысады).



Мұғалімдер респонденттердің жауаптарын детальді талдап, негізгі проблеманы толық ашпаған және анықтамаған. Бұл сұрақтарды шешуге мұғалімдер дәстүрлі көзқарас танытты. Тек оқушы тарапын алға тартып жұмыс істеген топ-оқушылардың жаңа бағдарламаға, нақтырақ айтсақ бөлім немесе тарау байынша жиынтық және тоқсандық жиынтық бағалауларына, білдірген наразылықтарының себебін қалыптастырушы бағалаудың жеткіліксіз деңгейде жүріп жатқандығымен түсіндірді.

Мұғалімдер әлі де кез келген мәселені тек біржақты қабылдауы, өздерін басқа адамдардың орнына қоймауы, проблема бар, бірақ оны көруге, жан-жақты талдауға, шешімін іздеуге, жалпы айтқанда зерттеуге селқос қарады.

Топтарды жинақтағанда олардың өздерінің қызығушылығын ескермедік, сыртынан топтастырдық. Сондықтан, бірнеше рет талқылауға тура келді.



Мұғалімдер топтарда сауалнама нәтижесін талқылай отырып, дайын деректерді талдау процесінде өздерінің тікелей қатыстылығын және жауаптылығын сезінді; зерттеуші топ дұрыс нұсқаулық берді;

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

«оқушы үні», «мұғалім үні»; оқушы мен мұғалім арасында сенімділік; сыни ойлайтын мұғалімдер жалпы мұғалім бойындағы кемшіліктерді көре алды.

Жоспарды, мақсатты баршыға түсіндіру керек, олардың қызығушылықтарын арттыру керек. Түсінгеннен кейін мәселені талқылауға мұғалімдер ерікті түрде қатыса бастайды.



Зерттеуге мұғалімдерді қинамайсыз, өздері тартылу керек!



01-08.12.2019 ж. Ұлыбританияның Кембридж қаласында тәжірибені жақсарту мақсатындағы іссапар.

Bottisham Village College, Sawston Village College және University of Cambridge Faculty of Education өткен 2-workshop-тық сессияларында Кембриждік әріптестермен, оқушылармен кездесіп, олардың іс-тәжірибесімен алмасып, мектеп өмірімен таныстық.



Білгеніміз: Ағылшындық әріптестердің зерттеуге өз еріктерімен келуі және ынтамақтастықта бірлесе жұмыс жасауы. Ал, зерттеуге қызықпаған немесе біржақты көз қарастағы мұғалімдер аутсайдер болып, кейіннен жұмыстан кетуі.



Іссапардан кейінгі Share жобасындағы зерттеушілердің іс-әрекеттері:



1. Екінші workshopтан жоспарлап келген 5-қадамды жүзеге асыру жұмыстары:

09.12.2019 ж. Зерттеуді іске асыруға бағытталған тәжірибені жақсарту мақсатындағы Кембриждағы іссапар бойынша ұжым

мүшелеріне ақпараттық презентация (семинар, топтық талқылаулар, экскурсия, мектептердің тәжірибелері, бейне және фото материалдар, білім берудегі айырмашылықтар) жасалды. Көптеген мұғалімдердің қызығушылықтары байқалды.

Workshop №2

SHARE
School Hubs for Action Research in Education
Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектеп хабы

02-07 желтоқсан 2019 жыл

1-күн/ first day

Рефлексия жасай отырып оқи алатын қауымдастықты қалай дамыта аламыз?

Кілт сөздер/ Keywords

1. TALIS (Teaching and Learning International Survey, проблема- фокусты оқушыға және оның оқуына бағыттау)
2. Рефлексия (жылдамдық емес, саналы өзгерістің маңызы)
3. Өзіндік ынталандыру (selfefficacy-өз ісіне сену, үздіксіз дамуға ұмтылу, ерікті болу)
4. Тереңдете оқыту (deep learning-бастаған нүктеге қайта оралу, өткен тәжірибемен байланыс орнату)
5. Қолдау (support-оқу мен оқытуға бағытталған жалпы пайымдауды мектептің әр мүшесінің пікірін есепке ала отырып қалыптастыру)

Рефлексия (жылдамдық емес, саналы өзгерістің маңызы)

- * Үздіксіз оқу мен даму процесінде өз іс-әрекетімізге ой жүтіріп, есеп беру дағдысы
- * Қалыптасқан, бойымыздан өткен тәжірибеге басқаша көзқараспен қарау
- * Оқушыға сабақ қаншалықты түсінікті әрі тиімді болды
- * Бізге сабақта барлығы дұрыс көрінгенімен, жаңа сұрақтар мен сауалнамалар басқа проблемаларды анықтауы мүмкін

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы
School hubs for action research of education

Өзіндік ынталандыру (selfefficacy-өз ісіне сену, үздіксіз дамуға ұмтылу, ерікті болу)

- *Мұғалім мектеп әлеміне өзгерісті түсіну арқылы енгізеді
- *Мұғалім бақылау, құлақ асу және басқа әріптестердің сабағына қатысуға ден қою керек
- *Мұғалім өз бойында зерттеу дағдысын зерттеуге қатысты кітаптар, қосымша ақпараттар оқу арқылы қалыптастыру керек
- *Мектептің оқу процесін жақсартатын топқа ерікті түрде қатысу

Тереңдете оқыту (deep learning-бастаған нүктеге қайта оралу, өткен тәжірибемен байланыс орнату)

- *Бақылауды жан жақты жүргізу керек
- *“Біз нәтижеге қалай тез қол жеткіземіз?” сұрағынан гөрі “Біз өзгерісті енгізгеннен не күтеміз?” деген сұрақ маңызды
- *Іс-әрекетті зерттеуді, тереңдете оқытуды енгізу зерттеулерін нұсқаулық емес, идея деп қабылдау

2. 10.12.2019 ж. Еріктілер тобына мүшелерді іріктеуге арналған мотивациялық эссе сұрақтары әзірленді. Мотивациялық эссе сұрақтары google forms арқылы жіберілді.

- ✓ Мен не үшін Action Research-пен айналысу керекпін? (100 сөз)
- ✓ AR-ті өз тәжірибеме қалай енгіземін? (100 сөз)
- ✓ Мектеп тәжірибесін жақсарту үшін не істей аламын? (100 сөз)

11-17 желтоқсан аралығында мұғалімдер эссе жазды. Мектеп бойынша 83 мұғалім (60%) эссе жазды.

19.12.2019 ж. зерттеушілер эсеге сараптама жасады. Еріктілер тобына мұғалім тандаудың негізгі критерийі-эсседен мұғалімнің оқушыға бағытталған жұмысы және өз тәжірибесін өзгертуге, жақсартуға деген ой толғауының көрініс табуы. Максималды ұпай жинаған 10 мұғалімнен еріктілер тобын құру көзделді. Зерттеушілердің болжамы бойынша еріктілер тобына тәжірибелері және еңбек өтілі көп мұғалімдер кіреді деген ой тағы жоққа шықты. Себебі: еріктілер тобына мүлдем күтпеген адамдардың кіруі, дені жастар болуы сарапшыларды қатты қуантты әрі таңқалдырды.



Біржақты ойлаудың жарамдылығы тек іс-әрекетті жасау барысында ғана дәлелденеді (зерттеу субъективті болжамдарды жоққа шығарады)

21.12.2019 ж. Педкеңесте еріктілер тобының мүшелері ұжымға таныстырылды және арнайы түскі ас әзірленіп, сол жерде жобаның негізгі мақсаты, жұмыс істеу бағыты таныстырылды.

Еріктілер тізімі:

1. Джанузаков Б.Б. – математика пәні мұғалімі
2. Досанова Қ.Д. – бастауыш сынып мұғалімі
3. Жусупова О.К. – бастауыш сынып мұғалімі
4. Макишева Т.К. – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
5. Нурмаханбетова М.Э. – математика пәні мұғалімі

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

6. Орақбай А.Ә. – физика пәні мұғалімі
7. Разиева И.А. – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
8. Сман Ә.Б. – физика пәні мұғалімі
9. Турашева М.З. – бастауыш сынып мұғалімі
10. Хаблекбер А. – технология пәні мұғалімі

Басқа мұғалімдерде еріктілер тобына өтпей қалу себептері, өткен мұғалімдер не туралы жазғандары жайлы, алдағы уақытта бұндай тапсырмаларды орындағанда нені басшылыққа алу керектігіне қызығушылық байқалды.



Эссе жазу барысында көптеген мұғалімдер жеке дамуды ғана алға тартқан, ол дамуды оқушымен байланыстыру эсседен көрініс таппады; іріктеуден өтпеген мұғалімдер арасында әріптесінің жетістігіне қуана алмауы («...олар соншалықты не жазыпты?»,-деген сұрақтар мектеп координаторына жиі қойылды), іріктеудің әділдігіне сенімсіздік көрініс тапты




Іс-тәжірибедегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар сауатты жеткізілгендіктен, кейбір мұғалімдерде қызығушылық пайда болды; еріктілер тобы құрылды; еріктілерді оқушылардың үлгерімі және болашағы ойландыратыны көрінді.

Ашықтық, қызығушылықты ояту және әділдік маңызды.

3. 21.12.2019 ж. TALIS сауалнамасы алдын ала кодтау арқылы таратылып, 97 мұғалім (77 %) қатысты.

Еріктілер тобына мұғалімдерді іріктеу сауалнамасымен қатар мектепте оқушылар үшін есту мақсатымен «директор кеңесшісі» атты оқушылар үшін де бөлек эссе алынды. мектеп өмірін өзгерткісі келетін төрт оқушы іріктелді. Директордың кеңесшілері болып 11-сынып оқушылары Л1 мен Қ1, 10-сынып оқушысы Т1 және 9-сынып оқушысы А1 тағайындалды.



08.01.2020 ж. Share жобасы бойынша зерттеушілер және еріктілер тобы TALIS сауалнамасын өндеуге бас қосты. Құрылымы бойынша сауалнаманың күрделілігіне қарай өндеу жұмысы ақпан айына шегерілді. Бірақ ақпан айында да бұл жұмыс қаралмады. Себебі мектептің зерттеу сұрағы және нысаны өзгерді, дерек жинау әдісі бойынша Талис сауалнамасы таңдаған сұрақты зерттеуде тиімсіз болды. Әрі ол құрылымы жағынан жабық сауалнама және сандық деректер беретіндіктен өндеу жұмысы тоқтады. («Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе» Dr Elaine Wilson & professor Aizhana Abibulayeva. 5-т., 249-бет).

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

4. 09-16.01.2020 ж. 60 мұғалімге LS курстары ұйымдастырылды. Жалпы мектеп lesson study-мен үш жылдан бері айналысып келеді. 2019-2020 оқу жылы мектептің 100% мұғалімі осы үдеріске тартылған. LS жұмысын жүргізуде мұғалімдер сабақ беретін сынаптарына қарай бірігіп, яғни өз қалаулармен топ таңдау мүмкіншілігіне ие болды. LS курстарының басты артықшылығы, мұғалімдер зерттеу тақырыптарының дұрыс таңдалу немесе таңдалмау, сонымен қатар LS өтетін сыныптарда зерттеу тақырыбының нақтылығына, яғни объективтілігіне күмән тудыру болды. Көп мұғалімдер LS сыныптарындағы зерттеу нысанының сұрағы тікелей оқушыларға бағытталған жұмыс екендігіне көздері жетті және сұрақтарын қайта қарастырды.



Мұғалімдерге lesson study-ді барлық талаптарын сақтай отырып, жүйелі жүргізуге барынша жағдайлар жасалған: мектептің 70% мұғалімі LS курсынан өткен, жұма күні екі ауысымның ортасында зерттеу сабағын жоспарлау, өткізу және талдау жұмыстары шешімін тапқан.



5. Мектеп мұғалімдеріне ақпараттық қолдау көрсету және әлемдегі зерттеу нәтижелері мен



әдебиеттерді таныстыру мақсатында book shopping ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасына 100 мың теңгеге ішкі уәж тудыратын, жеке дамуға бағытталған, ғылыми-техникалық кітаптар және оқушыларға арналған энциклопедиялар, зерттеулерге негізделген ғылыми



тәжірибені қамтитын кітаптар алынды.

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education



Book shopping мақсаты іс-әрекетті зерттеуге қажетті ресурс алу болғанымен, нақты зерттеу сұрағына қатысты ресурс оның ішінде болмады.

5. 13.01.2020 ж. сынып жетекшілердің іс-әрекетті зерттеуді өз сыныптарынан бастауы үшін Хуторскойдың өз оқу жетістігіңізді бағалауға, яғни рефлексиялауға 10 сұраққа сілтеме берілді. Сұрақтардың түп мағынасын өзгеріске ұшыратпау үшін сұрақтар орыс тілінде алынды. Сынып сағаттарында жауаптары ауызша талқыланды. (<http://nauka.x-pdf.ru/17> - Бизьева А.А. «Рефлексивный учитель»)



6.18.01.2020 ж. мектептің миссиясын, пайымдауын мен құндылықтарын қайта қарау мақсатымен оқушы, ата-ана, түлектер қатысқан педагогикалық кеңес өтті. Интерактивті педкеңес үш кезеңнен тұрды. Әр кезеңге 15 минуттан уақыт беріліп отырды, мұнда әр тарап келесі сұрақтар бойынша өз пікірлерін ортаға салып, постерлерін қорғады.

1-кезең:

а. Біздің мектеп-лицей немен айналысады? Қандай қызмет ұсынады(білім нарығында)?

ә. Кім үшін жұмыс жасайды? (аудиториясы)

2-кезең:

а. Тұтынушының негізгі сұранысы қандай?

ә. Біздің табыстылығымызды немен анықтауға болады немесе болашақта бізді не табысты қыламыз?

3-кезең:

а. Жеке табысқа жету үшін ықпал ететін факторлар?

ә. Корпоративті табысқа жету үшін не маңызды?

Мақсатты топтардан басқа сарапшылар тобы (директор орынбасарлары және Share жобасы бойынша зерттеушілер) жұмыс жүргізді. Олардың үш кезеңдік айналым аяқталғаннан кейін барлық пікірлерден ортақ түйін шығарып, мектептің жаңа миссиясы, болжамы және құндылықтарының жобасын ортаға салды.

Миссия: Кез-келген өзгеріске дайын бол!

Пайымдау: Сапалы өмір сүруге білім беру, табысты болуға жағдай жасау.

Құндылықтар: Ұлттық коды сақталған, сауатты, салауатты, өмірден өз орнын тапқан тұлға



SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education



Педагогикалық кеңесте ұсынылған кілт сөдерді басшылыққа ала отырып, зерттеушілер мен еріктілер тобы кезекті кездесуде мектептің миссия, пайымдау және құндылықтарды нақтылады.

Мектеп-лицей миссиясы: Жеке жетістік & коллаборативті мәдениетпен жаһандық бәсекелестікке.

Мектептің дамуын пайымдау: Білім алушылардың үйлесімді дамуына қажетті эмоционалдық, инновациялық, интеллектуалдық және қауіпсіз орта

Құндылықтар:

Ұ Л Т Т Ы Қ С А Н А
Қ Ұ Р М Е Т
И Н Т Е Л Л Е К Т
А Д А Л Д Ы Қ
К Ө Ш Б А С Ш Ы Л Ы Қ
Д Е Н С А У Л Ы Қ

Мектептің жаңа миссия, пайымдау және құндылықтарымен мектеп ұжымы таныстырылып, әр мұғалімнің әрбір сабағы мектептің саясатына бағытталуы керек екені нұсқалды.



Мектепте тек мұғалімдердің ғана емес, оқушылардың да кітап оқу дағдыларын жетілдіру үшін кітап оқу талап етілді. Бұл бастама көптеген оқушылардың көңілдерінен шықты. Үзілістерде сынып болып кітап оқу практикасы бастау алды. Бірақ пандемия жағдайында бұл бастама аяқсыз қалды.



20-21.01.2020 ж. Кембридждік менторлармен workshop.

№59 МЛ базасында Share хабындағы мектеп зерттеушілері мен менторлардың кезекті кездесуі өтті.



Сессияның бірінші күні «Өзгерістерге жағдай жасау туралы ойластыру» тақырыбындағы тренинг барысында келесі сұрақтар

қарастырылды:

- сіз біздің соңғы кездесуімізден бері не істедіңіз?
- біздің процесстерге шолу

Үшінші workshop-қа дайындап апарған 13 LS сыныбы арқылы мектеп мұғалімдерін зерттеуге максималды түрде тарту көзделген болатын. Бірақ жоспар мен сыныптарды зерттеуге арналған сұрақ сессия барысында толығымен өзгеріске ұшырады. Себебі, менторлармен жұмыс



барысында негізгі зерттеу сұрағына жауап беруде қандай ақпаратты жинау қажеттігін анықтау, зерттеу саласын тарылту керектігі айтылды. Зерттеуге дәлел келтіре алу және нәтиже жүйелі болу үшін, зерттеу сұрағы мен нысаны ауқымды емес, нақты болу керектігі ескерілді. Зерттеу фокусы тым ауқымды болғандықтан, дерек жинаудан кейін өңдеу барысындағы қиындықтар мен шашырап қалу қауіпін алдын алу мақсатымен, біз 13 LS сыныбынан 2 сыныпқа дейін (5А және 5Г) түстік. Бұл сыныптарда бастауыштан орта буынға ауысып келген оқушылардың бейімделу проблемасы және 5А сыныбының білім сапасының төмендігі басты назарға ілінді. Ал 5Г сыныбы сапа өзгерісінің салыстырмалы динамикасын бақылауға тандалды. Бірақ, білім сапасы-жиынтық көрсеткіш болғандықтан, зерттеу аясын нақтылау проблемасы туды. Проблеманың негізгі себебін іздеу үшін зерттеу сұрағын зерттеу нысанындағы проблемаға бағыттадық. («Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе» Dr Elaine Wilson & professor Aizhana Abibulayeva. 1-т., 43-57б.)



Сессияның екінші күні зерттеу мақсаттары мен зерттеу сұрақтарына оралуға менторлар барынша жағдай жасады. Сонымен қатар, зерттеушілерге оқылым дағдысын дамыту мақсатында бірнеше мұғалімдердің тарихымен танысуға ресурс арқылы кодтау (жекелеп код қою) туралы ақпарат берілді. Зерттеушілердің тыңдалым, бақылау дағдыларын қалыптастыруда А,В,С әдісімен топтарда жұмыс жасалды. Әдіс барысында үш зерттеуші «Мұғалім қызметін таңдауда қандай факторлар әсер етеді?» сұрағы бойынша рөлдерге: тыңдаушы, бақылаушы, айтушы болып бөлінді. Осы сұхбат түрінде біз өз бойымыздағы өзгеріске бетбұрысты байқадық.

Оқушылармен, мұғалімдермен сұхбаттарды қалай жүргіземіз және олардың түрлері, мәлімет жинауда (сандық мәлімет, сапалық мәлімет, сандық+сапалық=аралас) мәлімет түрлеріне жіктеп талдау туралы ақпарат та біз үшін қызық болды. Деректерді өңдеуде диаграмма қолданудың өзінде ерекшеліктер бар екенін, яғни жеңіл оқылатын, қосымша мәліметі бар (легенда), жекеленген анық болу керектігін білдік. Құрылымды және жартылай құрылымды сұхбаттардың тиімділігі, AR жүргізудің бір циклдік жоспарын жасау туралы мәліметтер жинақтадық. Зерттеу нәтижелі болуы үшін маңызды қадамдар ұсынылды:

- асықпау;
- зерттеу сұрағының нақтылығы;
- шынайылық;
- оқы және қайталап оқы;
- қателесу және кедергіден қорықпау;
- артқа бір қадам;
- өзара сенімділік;
- түртіп алу;

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

- үздіксіз әрекеттер т.б. ойымызда жүрген сауалдарға қажетті ақпараттар алып, жоспарды талқылап, мектептің TRC(мұғалімнің ғылыми-зерттеу координаторы) - мұғалімдердің ғылыми-зерттеу үйлестірушісі тағайындалу қажеттілігін түсіндік.



Сессия соңында Кембридждік менторлардың зерттеуші ассистенті бізбен фокус-групп жүргізді. Фокус-групп арқылы біз - этикалық талаптарды (сұхбат беруге келісім, аудиожазба жасауға рұқсат);

- тайм менеджмент (уақыт өлшемі ескертілді);
- құпиялықтың сақталуы;
- жетелеуші сұрақтар (жартылай құрылымды);
- ашықтық;
- диалог этикасы (сөз бөлмеу, тыңдай білу, түсіну, құрмет) көрдік және үйрендік.



ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ.

Сәуір айында болатын кезекті кездесуге жобаның жүргізілуі бойынша постерін дайындау.



Зерттеу сұрағы жалпылама болмауы тиіс!

Зерттеуге мейілінше көп сынып қамтуға ұмтылмаңыз!



Екі күндік workshopта құрылған жоспарға сай мектебімізде келесі іс-әрекеттер атқарылды.

1. 22.01.2020 ж. 5 «А» және 5 «Г» сыныптарының пән мұғалімдері мен супервайзерлерге, LS тренерлеріне семинар-тренинг өткізілді. Зерттеуші топ 3 workshopтан алған білімдерін, үйренген стратегияларын қолданып, белсенді жұмыс жүргізді. ABC үштігінде сұхбат жүргізгенде мұғалімдер бұл әдістің тиімділігін мойындады. Мұғалімдерге диаграммамен берілген деректер таратылып, талдауды қалай жасауға болатынын, кодтауды және зерттеу барысындағы құпиялылықты сақтаудың маңызы бойынша құнды ақпарат алды. Семинар барысында 5 «А» және 5 «Г» LS-топтары, супервайзерлер мен тренерлер зерттеу сұрақтарымен, сыныптардағы назар аударатын проблемаларымен қосымша жұмыс істеп, бір проблеманы анықтады: оқушылардың сабаққа қызығушылықтары төмен.



SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

Семинар «сымсыз телефон» стратегиясымен қорытыланды. Бұдан мұғалімдер берілген мәліметтің өздеріне жеткенше түп нұсқасынан бірнеше өзгеріске ұшырап жететінін түсінді.

Семинарға қатысқан мұғалімдердің кері байланыстары.

Тақырыбы: Тақырыпша: (интерпретация)	Кері байланыстың транскрипті	Ескерту
Өзгеру Зерттеу	А. семинар-тренинг мен үшін өте маңызды болды. Бақылау жүргізу кезінде әрбір іс әрекетті мән беріп мұқият зерттеу керектігін түсіндім. АВС сұхбатын оқушылар арасында жүргізедім. Оқушылардың есте сақтауын, тыңдалым, айтылым дағдысын, бақылау қабілетін, уақытпен жұмыс жасауын дамытуға өте тиімді екен. Кодтау әдісі маған қатты ұнады. Нақты, маңызды бір-ақ сөзбен жеткізуі. Бұл курсты оқып үйреніп жатқанымға қуанамын. Ұйымдастырушыларға көп рақмет. Қателесуден қорықпа, қателікті қайталаудан қорық деген басшының айтқан сөзі қатты есте сақтап қалдым.	
Өзіндік талдау Дамуға талпыныс	С.Тренинг өзіме ерекше өтті. Білмеймін маған солай көрінді. Кейде бір жұмыс барысында ұсақ түйекке көп мән бермейтінімді ұқтым, яғни көп нәрсеге үстірт қараймын. Алда өзіммен көп жұмыс жасау керек екенін түсіндім. Білетінім көп, бірақ білмейтінім одан да көп екен. Рақмет түйін жасауға мүмкіндік бергеніңіз үшін. Көп жағдайда қорытынды жасамай қаламыз ғой.	
Қызығушылық Терең бақылау Дамуға ұмтылу	Л. семинар-тренинг басқаша формада өткені, бірден телефонды жинап қойып, зейінімізді бір жерге шоғырландырғаны шынымен де қызығушылықты оятып, нәтижесін берді. «Рефлексивті күнделік» тыңдаған дүниені ойда сақтаймын дегеннен гөрі түртіп жазып алудың маңызы зор екенін ұғындырды. Ал «Кодировка» деген бөлек әңгіме. АВС деңгейінде жұмыс жасаған қызығырақ болды. Расында да айтылған дүниені тыңдаған кейіп танытпай, зейін қою керек. Бақылаушы рөлінде болу тым қызығырақ. Себебі әр жест, мимика, сөзге мән беріп түртіп алу керек. LS үш күндік курсың оқып келген соң, көзім ашылғандай болған, енді мына тренинг-семинардан кейін білетінім бір тоғыз, білмейтінім тоқсан тоғыз екеніне көзім жетті. Бәрімізге сәттілік серік болсын! Координаторлар мен қолдау көрсетіп, жөн сілтеп отырған әкімшілікке алғыс білдіремін.	
Жаңалық Тәжірибеге өзгеріс	Ш. семинар-тренинг сәтті өтті. Өз басым зерттеу жүргізудегі әрекетіме біраз жаңалық қостым. Бақылау қабілетімді жетілдірдім, дерек жинаудың тиімді тұстарын меңгеріп, сұхбат жүргізуде сұхбат беруші	

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

	<p>жаққа қалай әсер етуді, кодтауды, түсіндірме жазғанда ғалымдардың зерттеулерінен сілтеме жасау керектігін үйрендім. Коучтарға көп рақмет! Еңбектеріңізге табыс тілеймін!</p>	
<p>Өзіндік зерттеу</p> <p>Қателікті мойындау</p>	<p>М. «Рефлексивті күнделік» мен үшін өте жоғары деңгейде өтті. Бақылауды түсіндік десек те, мән бермей жатқан тұсым бар екен. Тренингке сол айтылғанды қайта өзім қайталағанда, толық мәтіннің ішіне өз сөзімді қосып айтып жібердім. Тыңдалым дағдымды жаттықтыру керек екен. Әр нәрсені уақытында қағаз бетіне түсіріп отыру керек екен. 2008 жылы Абай жолын оқығанда басқаша қабылдаған едім, биыл оқуды қайта қайтарып оқығанда көп сөзге мән бермей, дұрыс мағынада қабылдамағаныма көзім жетті. Жазған нәрсені қайта оқу керек екен.</p>	
<p>Жаңалыққа құштарлық</p> <p>Тәжірибесін жетілдіру</p>	<p>А. семинар-тренинг керемет өтті. LS курсына қатысамын деп бірінші болып жазылып, қатыса алмағаныма іштей өкініп жүргем... Кешегі өткен семинардан қажетті көп ақпарат алғаныма қуандым. Тыңдалым дағдысын әлі де жетілдіру керек екенін түсіндім. АВС рөлдерін сабақ барысында тиімді қолдануға болатынын білдім. Сергіту сәті өте қызықты болды. Сұхбат қалай жүргізу керек, іс-әрекетті қалай зерттеу керектігін үйрендім. Ең соңында Кодировка әдісі де маған қатты ұнады. Осы әдістерді сабақта қолданамын деп шештім. Тренерлерге көп рақмет! Барлық әріптестеріме сәттілік!</p>	
<p>Ізденуге талпыныс</p> <p>Еліктеу</p> <p>Жалпылау</p>	<p>Е. Жоспарлау, әрекет, бақылау, бағылау – бұл күнделікті жүріп жатқан механизм. Алайда, мен оған көп мән бермейді екенмін. Түсінгенім, әрдайым ізденіс үстінде жүру керек. Осы мамандықтың жемісін көріп жүргеннен кейін педагогикалық құбылыстардың, процесстердің, іс-әрекеттердің өзгеруіне дайын бола отырып, және оған өз үлесімді қосуға талпыныста болу керек. Ушинский айтпақшы «Педагогика – ол ғылым емес, өнер» дегендей бұл қасиетті саланы жақсы жағына өзгерту әрқайсымыздың қолымыздан келетінін сезіндім және сендім. Тек барлығы шынайы болу керек. Ұлы Абай айтқандай «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді». Алдымызда отырған әрбір баланың жұлдызының жарқырауына септігіміз тисе, ол біздің еңбегіміздің далаға кетпегені.</p>	



Кейбір мұғалімдер мен әкімшілік мүшелерінің тарапынан немқұрайлылық, ішкі қарсылық байқалды.



Мұғалімдердің қызығушылығы, ашықтық, іс-әрекеттегі зерттеуді түсінуге талпыныс, зерттеушілердің жүйелі жұмысы көріне бастады.

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

Берілген ақпаратты, жаңа білімді практикада көруіне мүмкіндік жасау керек.

30.01.2020 ж. таңдалған екі сыныпқа сұхбат сұрақтарын құрастыру үшін зерттеушілер мен еріктілер тобы мектеп асханасында шағын кездесу өткізіп, пікірлерін ортаға салды. Әңгімелесу барысында жиналғандарға сұхбаттағы рөлдері мен мақсаттары ұсынылды және дерек жинауға қажетті қосымша ресурстардың қажеттілігі айтылды. 5А және 5Г сыныптарында іс-әрекеттегі зерттеуді фокус-топтарда жартылай құрылымдалған сұхбат өткізу жоспарланды. Фокус-топтардағы сұхбат келесі сұрақтар төңірегінде өрбіді:

- Мектепке не үшін келесіз?
 - Жақсы оқуыңызға не кедергі?
 - Қандай жағдайда тақырыпты жақсы түсінесіз?
 - Сабақты жақсы оқуыңыз үшін кімдерден және қандай қолдау керек?
- Дерек жинау кезінде этикалық нормалар сақталғанымен, жартылай құрылымдалған сұхбаттың артықшылықтары мен кемшіліктері ескертілмеді.

31.01.2020 ж. Сұхбат жүргізілді. 5 «А»-32 оқушы, 5 «Г»-33 оқушы.

Сұхбатты 5 бақылаушы топ өткізді.

Сұхбат барысында оқушылардан келесі жауаптар алынды:

1. Мектепке не үшін келесің?
 - Сабаққа, білім алуға
 - Ата-анамды асырап, үмітін ақтауға
 - Қарым-қатынас түзеуге
 - Үйде іші пысатындықтан
 - Жақсы жұмыс болу үшін
 - Үйренуге
 - Достарыммен кездесуге
 - Мектеп ұнайды
 - Кейбір пәндер ұнайды
2. Жақсы оқуыңа не кедергі?
 - Мұғалім аз назар аударады, компьютерде отырады
 - Қайта сұрасам ұрысады
 - Жалқаулық, еріншектік
 - Телефон
 - Кейбір сабақтар қызық болмағандықтан шулайды, ұйықтап қалады
 - Денсаулық, жиі ауырады
 - Мұғалім жұмысым бар деп, шығып кете береді
 - Отбасылық жағдай(толық емес отбасы)
 - Сабақ мұғалімнің көңіл-күйіне қарай өтеді

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

- Сыныптасының тұрмыс жағдайы төмен болғандықтан, соны уайымдап, көп ойлай береді
- Жоғары сынып балалары дәптер сұрап алады да, қайтармайды
- Өз проблемасын өздері шешеді, себебі ата-анасынан қорқады
- Мұғалім сабақты монотонно жүргізеді
- БЖБ-дан қорқады, уайымдайды
- Тілден қиналады

3. Қандай жағдайда сен тақырыпты жақсы түсінесің?

- Көп кітап оқығанда
- Айнаға қарап сабақ айтқанда
- Мұғалім көңіл-күйі жақсы болса жақсы түсіндіреді
- Кейбір мұғалімдер сабақты өте қызықты өткізеді
- Топтық жұмыс, ойындар арқылы оқытқанда
- LS-сабақтары
- Ағай, апайлар көмектесе
- Жеке түсіндіргенде
- Сабақты анық түсіндіреді

4. Сенің сабақты жақсы оқуың үшін кімдерден және қандай қолдау керек?

- Ата-анамнан
- Мұғалімдерден
- Сыныптастарымнан
- Сенім
- Ойды ашық айту
- Кейбір балаға мақтау керек, ал кейбіреуі оны мақтағанды жек көреді
- Өсіп қалса да, құшақтағанға мұқтаж
- Мотивация
- Еркіндік сезіну

Оқушылардың мұғалімдерге берер ұсыныстары: білімді, мейірімді, көңіл-күйі жақсы болса екен.



5 «Г» сынып оқушыларының жауаптары:

1. Мектепке не үшін келесің?
 - Білім алуға
 - Ата-анамның үмітін ақтауға
 - Ойнауға

- Ақыл қосу үшін
 - Достарыммен кездесуге
 - Аттестат алып, институтқа түсуге
 - НЗМ-не түсу үшін
 - Арманына, мақсатына жету үшін
2. Жақсы оқуыңа не кедергі?
- Сабақтағы шу
 - Үйдегі нәрсені ойлау
 - Дұрыстап түсіндірмеу
 - Мұғалімнің ұрысып, айқайлауы
 - Әділетсіздік
 - Қорқыту (БЖБ, ТЖБ)
 - Артында отыратын оқушыларға көңіл бөлмейді
 - Көңілге тиетін сөздер
 - Мұғалімнен сұрауға қорқу
 - Мұғалімнің көп сөйлеуі
 - БЖБ, ТЖБ бір-бірінен көшіреді
 - БЖБ, ТЖБ үшін ғана оқиды
 - Кейбір сабақтарды қосымшаға барып жүргеннен ғана түсінеміз
 - Мұғалімдер бір сарында сөйлегенде сабаққа келгісі және көргісі келмейді
 - Тапсырмалар тым күрделі
 - Қыздар мен ұлдар арасында келіспеушілік көп болады
 - Өздеріне сенбейді, мұғалім сенбейді
 - Дұрыстап түсіндірмейді
 - Ойын жеткізе алмау
 - Мұғалімнің көңіл-күйі болмауы
 - Сабақтар пармен өткенде қызықсыз болады
3. Қандай жағдайда сен тақырыпты жақсы түсінесің?
- Сыныптастары түсіндіргенде оңай, тез түсінеді
 - Сабақ ойын түрінде өтсе
 - Мұғалім анық, қызықты түсіндірсе
 - Мұғалім көңіл-күйі жақсы болса жақсы түсіндіреді
 - Топпен жұмыс істегенде
 - LS-сабақтары болғанда жақсы түсінеді
4. Сенің сабақты жақсы оқуың үшін кімдерден және қандай қолдау керек?
- Ата-анамнан
 - Мұғалімдерден
 - Сыныптастарымның қолдауы
 - Сенім
 - Ойды ашық айту
 - Мұғалімнің көңілді болуы
 - Мотивация

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

- Алғыс
- Мұғалім мақтаса
- Психологқа сенімдері жоғары, себебі бір балаға көмектесті, алғыс айтады
- Өзіне байланысты, өзімнен

Оқушылардың мұғалімдерге берер ұсыныстары: қыздарды ғана тындай бермей ұлдарға да көңіл бөлсе, телефонды бәрінен бірдей алып қойса, артында отыратын оқушыларға көңіл бөлсе, ұрысуды азайтса, кейбір балалар сурет салуды жақсы көретінін көрсе, кабинеттер кең болса, психологпен тренинг өтсе, сабақты түсінбейтін балалармен жұмыс жасаса, сабақты бірсарында өткізбей, әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдана отырып өткізсе, күнделікті бағалап отырса жақсы болар еді.

Екі сыныптың балалары сұхбаттасу барысында барынша ашық болуға тырысты, көңіл-күйлері де көтеріңкі болды. Дегенмен, кейбір оқушылар, мұғалімдердің шынымен олардың үнін естуге әзірліктерін көріп, жағдайды жақсарту үшін әрекетке кірісіп жатқандарына қарап жылағандары да болды. Балалар өте сезімтал және бір-бірлеріне мейірімділіктері байқалады. Оқушылардың білім алуға деген құштарлықтары басым, мұғалімдерден тек сабақты қызық өткізулерін ғана сұрайды.



Оқушы үні тыңдалды, сұрақтар дұрыс құрылды, мектептегі жағдаятқа басқа көзқарас (мұғалімнің айтуына емес, оқушының үніне негізделген) болды, ынтымақтастық, бірлескен жұмыс болды, директор орынбасарлары тартылды, қауіпсіз, жайлы орта таңдалды, этикалық норма сақталды. оқушылардың топтасуында еркіндік берілді.



Сұхбат пен фокус-топты шатастырмаңыз!

Зерттеудің әрбір қадамынан кейін рефлексия жүргізуді ұмытпаңыз!



Сұхбат пен фокус-топтың өткізілуі бойынша қосымша ізденбедік.

Сұхбаттың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескермедік.

Сұхбат нәтижелеріне рефлексия жасалмады.

Дерек жинау іс-әрекеті зерттеу сұрағына толық жауап беруге мүмкіндік бермеді. Сұрақ құрастырудан қиналамыз

2. 07.02.2020 ж. Сұхбат нәтижелерін талдап, таныстыру мақсатында 5 «А» және 5 «Г» сыныптарының пән мұғалімдерімен және LS тобымен кездесу ұйымдастырылды.

Сұхбаттағы ақпараттар таныстырылғаннан кейін пән мұғалімдері өздерінен әр оқушы бойынша ауызша сипаттама берді. Ерекше қолдауды қажет ететін оқушыларға 5 «А» сыныбынан Р1(оқылым мен жазылым дағдылары төмен деңгейде), С1(қазақша сөздік қоры жоқтың қасы), Д1 (ЗПР диагнозы) сияқты оқушыларды сақтық шараларын басшылыққа алып барынша жайлы жағдайда оқыту керектігі ұсынылды. Бұл кездесуде

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

мұғалімдерге зерттеушілер оқытуды жақсартуға бағытталған 7 модульді қайта таныстырды SHARE жобасының координаторының ұсынысы:

- 5 «А» сынып жетекшісіне жаңадан келген қыз балаларға көңіл бөлуге кеңес берілді. Бір оқушыда, әкесі кішкентай кезінде отбасын тастап кеткендіктен, ер адамдардан сескенип, қорқу сезімі қалыптасқан. Ата-анасынан қорқатындықтан өз проблемасын өзі шешіп жүрген бала мен ата-анасы арасында қолдау мен сенімді арттыруға бағытталған жұмыс жасау. Бұл жағдай бірнеше балада кездесуі мүмкін. Үндемейтін оқушының ашылуы үшін сабақ барысында сенімді арттыру мақсатымен «көпіршелер» арқылы қолдау көрсету. Пән мұғалімдерінен үздіксіз деректер жинап, сыныптың өзгеріс динамикасын бақылау.
- 5 «Г» сынып жетекшісіне оқушылардың гендерлік ерекшеліктеріне назар аударып, олардың арасындағы қарым-қатынасты бақылауға кеңес беріледі. Гендерлік бөліну салдары әділетсіздікке жол бермеудің жолы екендігін естен шығармау. Жалпы сыныбыпта ұйымшылдықтың нышаны айқын білінеді. Ұлдармен сенімді қарым-қатынас орнатуға тырыссаңыз жақсы болар еді. Балалардың өзара көмектесуін одан әрі қолдасаңыз.



- Екі сынып оқушыларына жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық қолдау көрсету үшін тиісті әдебиеттерді оқу (мысалы: <http://nauka.x-pdf.ru/17> - Бизяева А.А. «Рефлексивный учитель», Элисон Джордж, Кэролайн Уильямс «Как работает ваш мозг», Кэрол Дуэк «Гибкое сознание»)

Оқушы үніндегі: сабақтың бір сарынды және мұғалім көңіл-күйіне байланысты өткізілуі сабақ оқуға белсенділікті төмендетеді дерегіне нақты дәлел келтірілмеді. Яғни пән мұғалімдерінің сабағына кіру арқылы шынайылығы мен жарамдылығы дәлелденбеді. Зерттеушілер оқушылармен фокус-топта жартылай құрылымдалған сұхбат өткізетінің пән мұғалімдеріне ескертуді жөн көрмеді (оларды сұхбат сұрақтарын құрастыруға қатыстыру, тіпті ойға кіріп те шықпады). Зерттеу біржақты бағыт алды деп айтуға негіз бар.

Сұхбат жайында сынып жетекшілер ата-аналарды ауызша ескертті.



Мұғалімдер өзара пікір алмасты, оқушылардың үнін тыңдады.



Оқушы жауабына байланысты агрессия танытқан мұғалім кездесті.

Мұғалімдердің өздеріне мүмкіндік берілмей, сабақты зерттеу деректері ескерілмей 7 модуль ұсынылды.

Пән мұғалімі және сынып жетекші арасындағы байланыс мақсатты емес. Аралық нәтиже бойынша рефлексияның жоқтығы, мұғалім үнін естуге, пән мұғалімдеріне қатысты этикалық нормаларды орындауға кедергі болды. Зерттеу жүргізуге ата-аналардан жазбаша рұқсат алынбады

Ақпан айынан бастап зерттеушілер мен еріктілер осы сынып оқушыларын бақылау мақсатында сабақтарға қатысты



3-17.02.2020 ж. 2 зерттеуші (Кожухметова К.Б. мен Алибекова С.С.) мен 2 ерікті (Турашева М.З. мен Разиева И.А.) НЗМ ПШО «Мұғалім практикасындағы зерттеу» тренерлік курсы оқыды.



Мектепте әр аптаның жұма күндері кітапханада АР бұрышына арнайы алынған кітаптарды оқу жұмысы ұйымдастырылған.

Қаңтар-ақпан айларына нақты Майк Байстер мен Кристин Лоберттің «Быстрый ум» және А.А.Бизяеваның «Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия» кітаптарын оқу талап етілді.

3. 14.02.2020 ж. LS топтарының супервайзерлерінің есептері тыңдалды. Есепті супервайзерлер жазбаша, ауызша дайындап, мұғалімдердің алдында өз бақылауларымен бөлісті. Бұл пікір алмасу барысында LS топтарының жұмыстары әлдеқайда ілгерілегені байқалды. Жұмыс алғашқы кезеңдермен салыстырғанда жақсы жүрді. Жалпы мектеп ұжымында жаңа бағыттарды қабылдауға қатысты оң пікірлер қалыптасқан. Яғни мұғалімнің негізгі тәжірибесі АР пен LS концепциялары аясында өрбитіні ешкімде наразылық тудырмады.

Жоғарыда айтылғандай, зерттеу сұрағына біліп сапасы алу жиынтық көрсеткіш ретінде бізге нәтижелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік бермейтіндіктен, зерттеу сұрағын оқушы жетістігіне бағыттауды жөн көрдік. Іс-әрекеттегі зерттеуді жүзеге асыруда зерттеу фокусына «Оқушылардың оқу жетістігін қалай арттырамыз?» сұрағы ұсынылды.

Зерттеушілер мен еріктілер зерттеу сұрағына жауап беретін деректерді жинау үшін бос уақыттарында 5А және 5Г сыныптарының сабақтарына, сонымен қатар lesson study сабақтарына да кіре бастады. Бақылау парақтары зерттеу сұрағын шығуға мақсатты құрылмағандықтан, маңызды дерек бермеді. Кейбір пән мұғалімдерінің арасында сабақтарына зерттеушілерді кіргізуге қарсылық тудырғандары болды. Бірақ оның себептері пән мұғалімдерінен сұралмады және еш жерде жазылмады.

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education



Көп супервайзерлер жалпыламадан гөрі нақты проблемаларды көрсетуге тырысты. Супервайзерлер өз кемшіліктерін байқай бастады. LS- AR жүргізудің құралы екенін көпшілік педагогтер түсінді.

Зерттеу сұрағы «Оқушылардың оқу жетістігін қалай арттырамыз?»



Кейбір супервайзерлердің жұмыстарында айтарлықтай прогрестің жоқтығы немесе белгілі бір проблемаларды шешуде мұғалімдердің өз көзқарастарында қалуы көрінді.



AR пен LS өзара байланысты механизм екенін ұмытпаңыз!



4. 24.02.2020 ж. зерттеушілер мен еріктілер бас қосып үшінші workshopта құрылған жоспар бойынша атқарылып жатқан іс-шараларға ревизия жасады.

Негізгі қадамдар	Мерзімі	Ресурстар	Күтілетін нәтиже	Жауаптылар
2. Сыныптармен әңгімелесу барысында басшылыққа алатын жетекші сұрақтарды анықтау	23 қаңтар	1. А.А. БИЗЯЕВА «ПСИХОЛОГИЯ ДУМАЮЩЕГО УЧИТЕЛЯ: ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ РЕФЛЕКСИЯ» 2. Пед. кеңестегі ұсыныстар мен деректер 3. Оқушы	Сұрақтар тізбесі	SHARE+еріктілер
1. Еріктілермен бірлесіп бөлінген сыныптармен еркін әңгімелесу	1 ақпанға дейін	1. Әр сыныпқа 40 минут 2. Еріктілер 3. Жетекші сұрақтар	Оқушылар үні тыңдалады Деректер жиналады	SHARE
3. Әңгімелесуден кейінгі деректерді талдау	5 ақпанға дейін	1. Деректер 2. Еріктілер	Проблема анықталады	SHARE+еріктілер
4. Мұғалімдерге талдау нәтижесін жеткізу	7 ақпан	1. Мұғалімдер 2. Талдау нәтижесі	Оқушылар үні әр мұғалімге жетеді	SHARE+еріктілер
5. Әр мұғалімнің өз сыныбындағы алғашқы зерттеу нәтижелерімен бөлісуге мүмкіндік беру	14 ақпан	1. Сынып 2. Мұғалім 3. Сұрақтар	Мұғалім сыныптағы ахуалды зерттейді	Сынып жетекшілер
6. LS-топтарының аралық нәтижесін ортаға салу	22 ақпан	1. Бағалау парақтары 2. Фасилитаторлардың жазбалары 3. Супервайзерлердің рефлексивті жазбалары	Сабақты зерттеудің артықшылықтары мен кедергілері анықталады	SHARE+еріктілер Супервайзерлер
7. Тәжірибені жақсартуға бағытталған жоспар құру	1 наурызға дейін	1. Деректер 2. Мұғалімдер	Оқушылар сұранысы қанағаттандырылады	SHARE+еріктілер

5 «А» және 5 «Г» сыныптарындағы зерттеуді одан әрі жетілдіру үшін қандай құралдар қажет екендігі талқыланды. Талқылау барысында қабылданған шешімдер:

- 5 «А» және 5 «Г» сыныптарында ата-ана, оқушы, психологтың қатысуымен тренинг өткізу (жауапты: К1);
- Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру;
- 10 «А» және 10 «Г» сыныптарының оқушыларынан 5 «А» және 5 «Г» сыныптарына еріктілерді тарту (жұма күндері);
- Пән мұғалімдері және осы сыныптың оқушыларымен спорттық жарыс өткізу;
- Осы сыныптардың қатысуымен пән мұғалімдерін квест ұйымдастыруға жұмылдыру (жауапты: О1, М1);

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

- Топпен зерттеу сұрақтарына сәйкес әдебиет оқуды супервайзерлерге жүктеу;
- LS топтарының жылдық есептерінде топтық қорғауды ойластыру (постерлі галерея);
- Мектептегі AR жүргізуге құралдар жинақтау;
- Сыныптағы ынтымақтастықты күшейту мақсатымен кино көруді ұйымдастыру (тоқтатып қойып талқылау тиімді)
- Мектептің ішінде миссия, болжам, құндылықтарды ілетін ашық, қабылдауға және ұғынуға қолайлы жерлерді қарау.

5. 28.02.2020 ж. 5 «А» және 5 «Г» сыныптарының LS топтары мен пән мұғалімдерімен кездесу өтті. Кездесу барысында сыныптардағы өзгерістер талқыланды:

- А мұғалім 5 «А» сыныбындағы ахуалды алға тартып: бұл сыныпта өзгеріс мүлдем жоқ; Р оқушы бұрын қалай отырды әлі де солай отыр өзгеріссіз; Мен олармен олай да, бұлай да жұмыс істеп көрдім; бұл сыныпта кімге арқа сүйейміз?; Кейбір оқушылардың оқу қабілеті жоқ, «им просто не дано»; мен оны аяймын.
- Т мұғалім: жоқ, Р оқушы қазір үй тапсырмасын істеп жүр, мамасы жазып беріп жүр
- С мұғалім: Р оқушы өзгерді, мен оны алгебрадан да байқадым, онда қызығушылық пайда болды
- Ш мұғалім: А мұғалім, сіз қалай олай айтасыз, мына кісілер ол баланы өзгерді деп айтып отыр ғой
- К мұғалім 24 ақпандағы ұсыныстармен жиналған мұғалімдерді таныстырды.
- С мұғалім: неге біз Кембридждегі «кораловый» клуб істемейміз? Оқушыларға неге эмоционалды- психологиялық тұрғыдан қолдау жасамасқа? Яғни бір мұғалім үлгерімі таза төмен оқушылармен жұмыс жасаса
- С1 мұғалім: осы LS кейін 5 «Г» сыныбында «жұлдыз ауруымен ауыратын» бала көбейіп кетті, бұл сынып шашылып қалды.
- Б мұғалім: бұл сыныптың ең нашар оқитын балаларды басқа сыныптарға бөліп тастау керек. Бұл балалардан біз не күтеміз жан-жағына қарайтын, үлгі алатын баласы жоқ
- А мұғалім: бұл класста осындай балалар жиналған.
- Т мұғалім: ол сыныпта бар жақсы балалар. Мысалы: Алан бар...
- А мұғалім: Но пачка скажи, основная пачка.....
- Ш мұғалім: но енді олар, нато и сидят потому что лицей класы емес, оларды басқа кластарға қалай бөліп бересін?

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы
School hubs for action research of education

- Б1 мұғалім: Басында олар да қалыптасты жай сыныппыз деп, ал қазір ондай жоқ. Оқушылардың өздерінің армандары бар: КТЛ-ға, НИШ-қа түсеміз, кетеміз деген, сондықтан оған қарамаңыздар
- А мұғалім: внутри у них что-то есть, с первых дней они уже почувствовали, эти дети поняли, где они и в каком классе они сидят
- Ш мұғалім: А мұғалім, вы так просто поняли и так себя настроили. А вообще, ата-аналар не дейді?
- Б1 мұғалім: ата-аналар ешнәрсе демейді, А сізге түскенімізге қуаныштымыз дейді.
- Т мұғалім: бір ата-ана келген жоқ қой ата-аналар конференциясына. Өйткені олар уайымдамайды.
- С мұғалім: тоқтаңызшы, қараңызшы, біз қазір тек өз ойымызды білдіріп жатырмыз. Біз баладан сұрадық па, «саған осы сыныпта комфортты ма?» деп, сұраған жопыз, олай болса біз мына жерде неге ауаны дүр сілкіндіріп отырмыз, не үшін?
- Ш мұғалім: сіздерден 100 пайыз, 80 пайыз сапа ешкім сұраған жоқ қой. Сіздер осы балада сәл де болса өзгеріс байқадыңыз ба, онда «сол баланы қолдайық» деп жұмыс істейікші
- С мұғалім: сол баланы, мысалы Р оқушы, кім қандай өзгеріс байқады соны жазайықшы. Өзгеріс болмаса да жазайық, сосын мен оны жинақтап қорытындылайық. Анау балада соншалықты өзгеріс жоқ па сонда, айтыңыздаршы.....
- Мұғалімдер: **БАР ӨЗГЕРІС!!!**
- Ш мұғалім: әрине болады, соның барлығы қаншама жұмысымыздың нәтижесі ғой.әрі қарай өз тәжірибесімен бөліседі.....
- С мұғалім: кім, қандай сабақтан тыс қосымша көмек көрсете алады осы балаларға?

Өте қызу талқылаудан кейін пән мұғалімдері проблема шешу жолдарын ұсынып, ерекше қолдауды қажет ететін оқушыларға, қиындық туған пәндерінен қосымша сабақ беруге өз еріктерімен шешім қабылдады.



Мұғалімдердің зерттеу сұрағына байланысты талқылауларына әкішілік мүшелері, зерттеушілер мен еріктілер қатысып, **қолдау жасау арқылы сенімді қарым-қатынас қалыптасты.** Апта сайын өткізілетін талқылауларда орын алған өзгерістер оң нәтиже берді. Бірақ ол өзгерістер

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

рефлексилық жазбалармен немесе бақылау парақтарымен дәлелденбеді. Дегенмен, бірлесе талқылаудың нәтижесінде **мұғалімдердің бір-біріне әсер етуі арқылы ынтымақтастық жүзеге аса бастады**. Пән мұғалімдері жекелеген оқушылардың жетістіктерін арттыру үшін олармен қосымша сабақтарды өткізуді жоспарлады. Бұл өз кезегінде **мұғалім өзгерісінің дәлелі**.

Шешім:

- Ерекше қолдауды қажет ететін оқушылардың келісімімен көркем еңбек, өзін-өзі тану және факультатив сабақтарынан алып, қосымша сабақ ұйымдастыру
- Қосымша сабақтар тек 5 «А» сыныбында өткізу жоспарланды

Апта күні	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі
Пән				
Қазақ тілі		1-сабақ: P1	0-сабақ: P1	
Тарих	1-сабақ: C1, P1, D1, T1		1-сабақ: C1, P1, D1, T1	
Орыс тілі	3-сабақ: C1, P1, D1, T1		5-сабақ: C1, P1, D1, T1	
Математика			1-сабақ: C1	0-сабақ: C1

Мұндағы C1, P1, D1, T1 – қолдауды қажет ететін оқушылар

Мұғалімдер 5 «Г» сыныбының білім сапасын жоғарылығын және орта буынға бейімделуде үлкен кедергілердің жоқтығын ескере отырып, оқушыларды шашыратып алмау үшін қозғамауды жөн көрді.



Мұғалімдер жекелеген оқушылардың оқуын жақсарту мақсатымен өздеріне жауапкершілік алды, бірлесе талқылаулар нәтижелі бола бастады, сыншы достың рөлі артты, мұғалімдердің бір-біріне жағымды әсері (ішкі қарсылығын өзгертуге қадам) байқалады. **Жекелеген оқушымен жұмыс зерттеу сұрағына жауап берді**



Қолдауды қажет ететін оқушылармен жұмыс басталғаннан кейін, сыныптың басқа оқушылары назардан тыс қалды. Бақылау күнделігі жүргізілмеді. Зерттеушілер де зерттеу фокусынан толығымен ауытқып кетті

Зерттеу тобының шешімі бойынша 5а сыныбына 10 «А» тәлімгер сынып болып бекітілді. Тәлімгерлік бойынша 10 «А» сыныбы 5а сыныбына 8-наурыз мейрамына ұйымдастырылған іс-шараға дайындық жұмыстарымен қоса, іс-шараның өз деңгейінде өтуге



атсалысты. Жалпы, төменде тәлімгер сынып оқушыларының кері байланыстары:

Ермекбаева Дильназ (тәлімгер оқушы): 5 «А» сыныбымен тәлімгерлік жұмыс жасадық, сол бойынша өз ойымен бөлісейін деп едім. Жалпы 5 “а” сыныбы өте қарапайым, ақкөңіл, барлық оқушылар шапшаң, тез қимылдайды, активные. Квест ұйымдастырған кезде, оқушылар барлық тапсырмаларды қуана орындады, барлығы бірге ат салысты, өте ақылды. 8 наурыз дайындық кезінде барлығы жақсы болды, креативті, жан-жағынан барлығы өнерлі, тату-тәтті, бір біріне көмектесіп жүреді.

Киындығы: оқушы өте көп, бірақ барлығына көңіл бөлуге тырыстық деп ойлаймын.

Әсер: өте жақсы, маған ұнады.

Дуйсембаева Анель (тәлімгер оқушы): өте жақсы тәжірибе болды апай, ұнады және тағы сондай тәжірибелер болатын болса қуанар едім 😊 8 наурызды өткізуге үнемі көмек бердік ағайға. Ата-аналар, мұғалімдер де қатысты, ойындар ойнатылды.


Айнур Смагулова (тәлімгер оқушы): 5”а” сыныбы қазіргі 6”а” сыныбы өте қатты ұнады! Оқушылардың бірлесе жұмыс жасау мүмкіндігі олардың бірлесіп ұйымшылдықпен ынтымақтастықта жұмыс жасайды. Бір-бірін тыңдауды, сыйлауды, қолдауды білетін балалар!! Мен оларға тәлімгер болғанымға өте қуаныштымын!

Оқушылардың өзара тәлімгерлігін жоспарға сай жүзеге асыру мақсатымен 12.03.2020 ж. Зерттеу нысанындағы 5а және 5г

сыныптарына “Quest”/КВЕСТ ойыны өтті. Пән мұғалімдерімен бірлесе ұйымдастырылған «КВЕСТ» ойынында негізгі пәндер бойынша әртүрлі тапсырмалар, сұрақтар қойылды. Бұл іс-шараны 5а сыныбына тәлімгер сынып 10 «А» және 8 «В» сыныптан құралған еріктілер тобы сәтті жүзеге асырды. «КВЕСТ» ойынына оқушылар үлкен қызығушылық танытты. Олар картаға сәйкес бекеттерге саяхат жасады. Бекеттер: «Қазақ тілі», «Тарих», «Жаратылыстану», «Орыс тілі», «Математика», «Музыка», «Ағылшын тілі» деп аталды. Музыка бекетінде оқушылар әнді және авторды 8-сынып оқушысы С1-дің синтезатордың сүйемелдеуімен шыққан әуен арқылы анықтау керек болды. «КВЕСТ»



КВЕСТ ойынынан көрініс, математика бағыты бойынша жұмыс



КВЕСТ ойынынан көрініс, ағылшын тілі, жаратылыстану бағыты бойынша жұмыс



SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

ойыны соңында еріктілер тобы жиналып, маршруттық бағалау парағы бойынша жеңімпаздарды анықтады. 10 «А» және 8 «В» сыныптарының еріктілері іс-шараның аяғында 5-сынып оқушыларына позитивті көңіл-күй сыйлау арқылы өздері де бір жасап қалғандарын айтты. Өзара жағымды эмоциялармен бөлісіп жатқан оқушыларды көріп, мұғалімдер де қуанышқа бөленді. Коллоборативті ортаны ұйымдастыруда 10 «А» және 8 «В» сыныптан құралған еріктілер тобының командалық жұмыстарының сәтті нәтижесін, қызу эмоцияларын, достық қарым-қатынастарын көру, ескеру, қабылдау бұл- рефлексивті зерттеушінің тағы бір байқауы, бақылауы деп ойлаймыз.



Карта бойынша орналасу орындарын анықтауда.....



МАРАПАТТАУ рәсімі
5 “Г” сыныбы



МАРАПАТТАУ рәсімі 5 “А”



Оқушылардың өзара жағымды қарым-қатынас орнатуы үшін сабақтан тыс іс-шарада мұғалімдердің қолайлы жағдай туғыза отырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарамастан ортақ мақсатта жұмыла жұмыс істеуін ұйымдастыра алуы өте сәтті шықты. Оқушы-оқушы, мұғалім-оқушы арасында сенімді қарым-қатынас орнады. Оқушылардың кері байланыстары:

А1: Маған квест ойыны қатты ұнады! Өте қызық болды. Бұл сияқты квест, алдыңғы тақырыптарды есімізге түсіруге көмектесті. Және де Сұрақтар қиын емес болды. Бізге көмектескен жоғарғы сыныптар өте мейірімді болды. Мұғалімдерімізге рахмет!

Ә1: Маған 12.03.20 жылы өткен квест ұнады. Ол квестте мен өткен тақырыптарым есімде қалды ма, және сол тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап бере аламын ба деген сұраққа жауап алдым. Бұл квест өте қызық өтті.

С1: Маған квест өте ұнады! Менің көңіл күйіме жақсы әсер етті. Ойлау қабілетіме, өткенді қайталауға көмек берді. Көмек берген оқушыларға және мұғалімдерге алғысымды білдіремін

Е1: Мектептегі болған квест маған қатты ұнады. Квестің ұнаған себебі тез ойланып жауап қайтаруға, білімімізді тексеруге Квестке өз рұқсатын берген мұғалімдерге көп-көп рахмет.

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

6. 29.02.2020 ж. Жоба координаторы Н.А.Аюбаевамен (№76, 67) кездесу өтті. Бұл кездесуде екі мектептің координаторлары зерттеушілердің алдында кездескен кедергілер мен қиындықтар жайында ақпарат берді. Сонымен қатар зерттеушілердің тыңдау қабілетіне қатты мән берілді. Нақты айтатын болсақ: тыңдау керек, жазып алған нәрсені мұқият оқу керек, тыңдап отырып пікір алысқанда қайталанбау керек. Зерттеу барысында Парето принципі (80/20) бойынша зерттеу нысанына объективті↔субъективті, субъективті↔субъективті пікірлерге талдау жасай отырып фокус-проблеманы анықтау қажет. Одан кейін неліктен нақты осы проблема және оны қалай шешуге болады сұрақтарын қою арқылы деректер жинауды бастау керек. Деректерді жинақтағанда ең қол жетімді, яғни қысқа мерзімде нәтиже алатын деректерден бастау қажет. Оларды desktop деп аталып, ол деректерге: оқушылардың 1-сыныптан бастап алған үлгерім табелдері, әлеуметтік, медициналық, психологиялық карталары, оқушының сыныптағы орнын анықтайтын социометриялық карта т.б. жатады.

Деректерді жинау кезінде этикалық нормаларды сақтау маңызды. Зерттелетін нысандарға лақап аттар қою және сол атқа сай ешкімнің күмәнін келтірмейтіндей етіп тарихын ойлап табу тапсырмалары қызықты әрі терең ой салды. Осындай жайлы атмосферада өткен тренинг нәтижесінде әр мектеп 4-workshopқа дайындайтын постер идеясына ықпал етті.



16-наурызда халықаралық пандемия жариялануымен жоспарланған жұмыстар аяқсыз қалды (desktop, кітап оқу, қосымша сабақтар, сабақтарға қатысу т.б.).

Постерлік презентация

Зерттеу сұрағы: Оқушылардың оқу жетістігін қалай арттырамыз?

Аннотация: Жыл сайын талдау жүргізгенде қайталанатын проблемалардың бірі жөкөлеген сыныптардағы білім сапасының төмендігі. Білім сапасын арттыру үшін әр оқушының жеке оқу жетістіктерін арттыру керек деген шешімге келдік. Зерттеу объектісі ретінде басқа сыныптармен салыстырғанда білім сапасы төмен болған 5-а және 5-г сыныптарын алдық.

Постерде оқушылардың оқу жетістігін арттыруға бағытталған А8 жүргізілуі аралық нәтижелер баяндалады.

Зерттеудің сипаттамасы:

Зерттеуге SHARE жобасындағы зерттеушілер мен волонтерлер, аталған сыныптардағы 15 жүргізуші мұғалімдер, пән мұғалімдері қамтылды. Сынып оқушыларының бұған дейінгі оқу үлгерімдерінің көрсеткіштері, сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы коммуникация, оқу тапсырмалары қарастырылды.

К. Уильямстың редакторлығымен жазылған «Как работает Ваш мозг» кітабында адамның жаңа ақпаратты қабылдауы мен білім мен дағдыларды меңгеруі үшін миға тәуелді үш категория қарастырылады: жады, интеллект, эмоция. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер аталған категориялар арқылы мидың қызметіне бағытталса, берілетін білім оңай қабылданады. Өрбір мұғалім сабақ жоспарлауда «оқушының мүмкіндіктері мен оқу мақсаттарын қалай үйлестіру керек?», «оқытуда мидың қызметін белсендіру үшін не істеймін?» деген сұрақтармен қарауы тиіс.

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей
Координаторлар: Алибекова С.С., Қожахметова Қ.Б.
Зерттеушілер: Тулекова С.С., Қасимова Д.А., Ташенова Ш.М.
www.school-hub76.kz 8-7172-576583

Диаграмма: Оқушымен сұхбат

Мектепте не үшін келесіз?

Жаңы оқуға не кедергі?

Сабақты жақсы түсінуге не әсер етеді?

Сабақты жақсы оқу үшін қандай қолдау керек?

Зерттеудің методологиясы мен әдістері:

Деректер жинау:

- оқушылармен және мұғалімдермен сұхбаттар, декарт, статистикалық деректерге өлеуметтік карта.

Lesson study:

- топтық зерттеу, сабақты жақсарту, бірлесіп жоспарлау және өзара талдау

7 модуль:

- оқуды бағалау және оқыту үшін бағалау, сини тұрғыдан ойланды дамыту, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, оқу мен оқытуды АКТ, оқытуды басқару және нашар басшылық, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқу мен оқытуды жаңа тәсілдер.

1-кесте: Іске асыру жоспары

№	Жетекші сұрақтарды анықтау	II, 2020
1	Жетекші сұрақтарды анықтау	II, 2020
2	Сұхбат	II, 2020
3	Деректерді талдау	III, 2020
4	Сабақ барысындағы өзгерістерді бағалау	III, 2020
5	Сабақтардың тиімділігін арттыру	2020-2021
6	Рефлексия	IV, XII 2020

7. 4-тоқсаннан бастап оқушылар қашықтан оқуға ауысты. Қашықтан оқу кезінде оқушылардың оқу жетістіктерін толық әрі жан-жақты бақылау мүмкін болмады, себебі: жаңа практика, интернет әлсіздігі, қарым-қатынас шектілігі, сабаққа дайындықтың ұзақтығы, кері байланыстардың көп жағдайда тиімсіздігі, оқушылардың академиялық адалдығына күмән келтіру, үрей мен стресс орын алды. Осыған қарамастан, мұғалімдердің тәжірибе алмасу вертикалі төменнен жоғарыға қарай ауысты, техника тілін тез меңгерген жас мұғалімдердің көшбасшылығы артты, ортақ көзқараста (қашықтан оқытуда қолдау көрсету концепциясы) қауымдастықтың бірлесе жұмыс істеуі бір жолға қойылды, мектептің білім беру платформасын дер кезінде анықтап, мұғалімдер мен оқушыларды барынша wi-fi роутерлармен, компьютерлермен қамтамасыз етілуі үлкен қолдаудың, біртұтастықтың нышанына айналды.

8. 06.05.2020 ж. 5 «А» және 5 «Г» сыныптарының қашықтан оқыту кезіндегі жағдайын, проблемасын білу мақсатында пән мұғалімдерімен онлайн конференция өтті.

Пән мұғалімдерінен, зерттеушілерден және еріктілерден алынған кері байланыс:

- Т1: Пән мұғалімдері белсенділікпен сыныпта туындаған проблемаларды нақтылап, онлайн формат кезінде болып жатқан мәселелерді айтты. Онлайн сабақ арқылы үлгерімі төмен оқитын оқушыларымыз әр қырынан ашылып, жан-жақты танығандарын айтып өтті. Себебі, сабақ уақытында оқымай жүрген оқушылар, онлайн сабақта өте белсенді жұмыс атқаруда. Балаларын қолға алып, қадағалауды

күшейткен ата-аналар саны көбейуде. Яғни, ата-аналар да қызығушылықпен балаларға қолдау көрсетуде деп түсінетіндерін айтты. Әрине, бұл біз үшін үлкен жетістік. Оқушы жауапкершілігінен оқушы жауабының нақтылығы көрінуде. Әрі қарай да осы деңгейде жалғасын табады деген үміттеміз. Біз әр сабағымызда зерттеу іс-әрекетін жүзеге асырамыз. Ол үшін алдымызда отырған оқушыны әр қырынан жан-жақты білуіміз керек. Онлайн сабақ кезінде де оқушыны үздіксіз бақылап отыру біздің міндетіміз.

- О1: Бүгінгі мұғалімдермен онлайн кездесуден кейінгі ойларым. Елімізде қандай жағдай болса да, мұғалім өз қызметін жасайды екен. Өзінің бойындағы жақсы қасиеттерді балаға жұқтырады. Онсыз ол мұғалім емес. Көптен көзбе-көз кездеспеген ұстаздарды көрдім. Біреулері бұл қандай жұмыс, түсінбеймін десе, біреулер жоқ бұл жұмыс біздікі деп қолдап жатты. Ал мен өзім риза болып отырдым. Өйткені менде де ондай ойлар болған. Көпшілігі өздерінің ойларын ашық айтты. Іс-әрекетті зерттеу, сабақты зерттеу өзіміз үшін, өзіміз дегеніміз алдымызда отырған оқушылар. Ойларымыз жарасып, шәкірттеріміздің сәл болса да қашықтан оқытуда өзгеріп жатқаны қуантты. Әркім өзінің нақты көргенін, естігенін, бақылағынан айтты. Мені қозғаған мәселе, бастауышта үлгермеген бала. Оны қайда жібереміз? Көшірмей алып қалайық па? Оның да себептері бар шығар. Бастауыш мұғалімдері оны көшіру керек. Қалдыруға болмайды. Орта буын мұғалімдері, ол бала туралы мәліметтерді алса, оны біліп, түсініп алып кетеді. Әрине, егерде дені сау болса. Осыны айтқым келіп еді. Осы жобаның арқасында, мен оқу мен тәрбие жұмыстарыма өзгерістер енгіздім. Әр балаға бірдей көңіл бөле бастадым. Қашықтан оқыту мені көп нәрсеге үйретті. Үздік балаға өзіне білім алуына мүмкіншілік беру, ал үлгермейтіндерге жол көрсету. Оқушының көзімен біз ұстазбыз. Портрет өзгермеу керек. Әрқашанда бір ағартушылық, бір із, бір мінез болуды ұстау керекпіз. Мен өз ойларыммен әріптестеріммен бөліскім келді

- М1: бүгінгі конференцияда өзім жақсы әсер алдым десем де артық айтпаспын. Біраз мәселелер талқыланды. 5 а,г сыныптарының сабаққа деген қызығушылығын, білім сапасын арттыру барасында қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны және болашақта қандай жұмыстар жүргізілу керек деген сияқты мәселелер талқыланды. Пән мұғалімдері қашықтықтан оқыту барысында оқушылардың бойындағы өзгерістерімен бөлісіп отырды. Әрине қашықтықтан оқытудың оң және кері әсерлерінде тигізіп отыр. Соған қарамастан да, мұғалімдер өз қызметін атқарып жатыр. Егер бастапқыда осы жобаға түсініспеушілік болса, қазір бірте-бірте түсіне бастадым. Әріптестеріме рахмет айтқым келеді. С1 айтқанындай, қате пікір болмайды, сұрақ қоюдан қорықпау керек дегендей өзіме бір мотивация болғандай болды. Ұсынысым: егер осылай жұмысымыз жалғаса берсе, түбінде нәтижесі болатыны сөзсіз және соған сенемін. Егер

мұғалімдер бір-біріне қолдау жасамаса, ол қолдауды бізге ешкімде берміді.

- М2: бүгін зерттеудегі сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдерімен өткен бейнеконференцияға қатыстым. Бейнеконференция барысында мұғалімдер 28 ақпанда болған кездесуден кейін сыныппен, жекелеген оқушылармен жасалған жұмыстарға тоқталып кетті. Соңғы кездесуде пән мұғалімдерінің бақылаулары бойынша сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, топтық және жеке жұмыстарды енгізу керектігі ұсынылған еді. Осы өзгерістерді тәжірибеге енгізгеннен кейін оқушылардың қызығушылығының артқанын көре алдық. Зерттеудегі оқушылардың қашықтан оқыту барысында да белсенділіктерін сақтап қалғаны қуантады. Себебі, қазір ата-ана оқушыны барынша қолдап көмек көрсетуде. Менің ойымша, егер осы оқушыларда кездескен мәселені шешудің жолын құрастырып алсақ және оны әр мұғалім өз сыныбына қолданса, зерттеуіміздің ауқымы өсіп, жақсы жетістіктерге жетеді деген сенімдемін. Айтар ұсынысым, мұғалімдерге SHARE жобасы туралы теориялық мәлімет беруді жоспарға енгізсек. Мұғалімдердің сөзінен тек SHARE жобасы туралы ғана емес, сонымен қоса Action Research туралы да мағлұмат беру қажет екенін түсіндім.

- Қ1: AR бойынша бүгін кезекті зерттеуге алынған екі фокус 5-сыныптың пән мұғалімдері, зерттеушілер және еріктілер тобымен бірлескен конференция өтті. Конференцияның мақсаты: мектеп қабырғасында оқып жүрген кездегі оқушылардың оқуы мен қазіргі төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқытудағы оқу үрдісіндегі өзгерістерді анықтау және пән мұғалімдеріне келесі оқу жылында осы сыныптарда іс-әрекетті зерттеу жалғасын табатыны хабарланды. Сонымен қатар, жақында өткен халықаралық SHARE жобасы аясында Кембриджтік тренер-менторлармен, аталған жобаның координаторы Н1 бірлескен онлайн конференциядан мектебімізде SHARE жобасы аясында жүргізілген AR бойынша алған кері байланыстарымен бөлісті. Іс-әрекетті зерттеудегі фокус сұраққа жауапты тек ерікті түрде рефлексивті зерттеуші мұғалім ғана және әріптестерімен бірлесе жұмыс жасай отыра таба алатыны баса айтылды. Конференция барысында әр пән мұғалімдері өздерінің құнды пікірлерімен бөлісті. Фокусқа алынған Nacker, Tom сыныптағы т.б оқушылардың оқу жетістіктеріндегі өзгерістері анықталды. Математика пәні мұғалімі әрі сынып жетекшісі Б1 Nacker математика пәні бойынша оқу жетістігінің жақсарғанын жеткізді. Сонымен қатар, тарих, қазақ тілі пәндері бойынша Google Classroom да тапсырмаларды орындауы жақсы екені және жақында алынған өзіндік жұмыстың нәтижесі қуантарлық жағдайда екенін пән мұғалімдер атап өтті. Ал, Tom математика пәні бойынша тырысып келе жатқаны айтылды. Орыс тілі пәні мұғалімі А1 алған сынып

оқушыларының жалпы бақылауда екенін сезінген соң, ілгерілеу бар екенін, бірақ ата-аналары тарапынан әлі де қадағалау, қолдау қажет екенін атап өтті. Жалпы іс-әрекетті зерттеу жұмысын әлі де толықтай түсіне қоймайтынын, теориялық ақпаратты қажет ететіндігін, AR орта жолда қалдырмай, әрі қарай жалғастыруға дайын екендігін жеткізді. Екінші 5 сыныптың математика пәні мұғалімі Ж1 оқушылардың оқу жетістіктерінің біршама жақсаруына LS әсері өте зор болғанын атады. Осы 5 сыныптың жетекшісі М1 да алдағы уақытта зерттеу жұмыстарының жалғасын табуын қолдайтынын айтты. Сонымен қатар, фокус оқушының оқуға қабілетінің жақсы екенін, тек оқуға деген құлшынысына отбасылық жағдайдың қатты әсер ететіні атап өтті. Аталған екі 5 сыныптың ағылшын тілі пәні, қазақ тілі, тарих пәндері бойынша қазіргі кездегі қашықтан оқыту кезінде фокусқа алған оқушылардың белсенділіктері артқандарын, керісінше мектеп қабырғасында оқып жүргенде жақсы оқитын кейбір оқушылардың белсенділіктері төмендегенін атап өтті. Пән мұғалімдері қашықтан оқытудың пайдасы мен кемшіліктері бар екенін айтып өтті. Ата-аналары пән мұғалімдеріне хабарласып, қадағалаудың күшейтілгені оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға септігін тигізді. Сабақта тапсырманы өте баяу орындайтын оқушының, үнемі үй тапсырмасын орындамайтын оқушылардың белсенділіктері артқанын да атап өтті. Конференция соңы дискуссияға айналды, орыс тілі пәні мұғалімі А1 "Неге 5 сыныпты алдыңыздар? орта буыннан емес бастауыш сыныптан бастау алу керектігін атап өтті. Аталған мәселе әр кезеңде, әр буында кездесе береді, іс-әрекетті зерттеу кезінде көптеген тәжірибе аламыз. Басқа да сыныптарда осы мәселелер орын алады, сол кезде алған тәжірибемізді іске асырамыз. Біздің дұрыс жолда келе жатқанымызды атаумен дискуссия аяқталды. Зерттеу сұрағына сәйкес әлі де талқылау жалғасын табады, себебі бұл-зерттеу үздіксіз жүретін үрдіс. Талқылау соңында Д1 зерттеу әдебиеттерін оқуды ұсынды. Барлық әріптестерге өзгерістің керектігі, ішкі уәжге байланысты екенін айтып өтті. Бұл да біздің тәжірибемізге, зерттеу жұмыстарын жүргізуге пайдасы болатынын атап өтті. Конференция өз мәресіне де жетті, көптеген деректер алынды. Бұл тек бастамасы әрине, жалғасын табады.....



Қашықтан оқыту кезінде мұғалімдер тарапынан оқушылардың сапалы білім алуына алаңдау бар. ҚО барысында да оқушыларды бақылауды жалғастыруда.

9. 04.05.2020 ж. Мұғалімдердің іс-әрекеттегі зерттеуге деген белсенділіктерін арттыру мақсатында зерттеушілер мен еріктілерге НУ Жоғары білім беру мектебінің мамандары (Н.Аюбаева, Г.Қанай) өткізген «Кәсіби білім алу мен ұстаз көшбасшылығын дамыту» және «Біліктілікті дамытудағы педагогтардың кәсіби ынтымақтастығы» тақырыптарындағы

вебинар контентін ұжыммен мини конференцияда талқылау тапсырылды. Ұжымға алдын ала вебинар видеосы мен презентациясы жіберілді.

08.05.2020ж. Миниконференцияда зерттеушілер мен еріктілер шағын топтарда модераторлық жасап, жұмыстары бойынша жасаған кері байланыстар:

Қ1 -модератор (ерікті)

Модератор ретінде тақырыптың ашылуына жауапкершілік мойнымда екенін сезіндім. Әр мұғалімнің ойын тыңдауға тырыстым. . Ұмтылыс бар. Қызығушылық бар. Мұғалімдер талқылап , ашылып сөйлесті.

Мұғалімдер журналист сияқтысын деп айтқанда сенімділігім артты.. Сұрақ-жауап алған өте маңызды екен. Олардың ойын тыңдау , пікір сұрау□ қажет деген ой туындады .

Жаңа талқылау үстінде . Ұстаздардың бірі: белгілі бір жүйелі жоспар болса ғой деп еді. Себебі кейбір адамдар басқа ойда , басқа шаруасын ойлап отырады. Кейбіреуі ғана ат салысады. Сосын тусінбей қалады деп. Бір айдағы жоспар болсыншы ең болмаса деген секілді ой айтты

М1 -модератор (ерікті)

Модератор ретінде жауапкершілікті сезіндім. Жалпылама сөйлеуден нақтылыққа шақырып, бұрып отырсам да. Жалпылама пікірлер әлі де айтылды. Мұғалімнің бойындағы жауапкершілікті арттыруға әр мұғалім жұмыс жасаса. Негізінен негатив жоқ, мұғалімдер жаңаны тануға ашық. Үйренеріміз көп, жастардан үйренуге дайынбыз дегенде кәсіби дамудың өзгеріп келе жатқанын байқадым. Маған әсіресе ұнаған ой. Осылай жиі тәжірибемен бөлісіп, талқылау жүргізіп отырсақ деген идея. Бұл вынужденный жұмыс емес, мұғалімдер үйреніп келе жатқан ерікті пікір.

Маған осы миниконференцияны өткізу үшін зона комфортадан шыға білгенім ең үлкен жеңілдік болды. Мен бастауыш мұғалімдермен жұмыс істеп әбден үйреніп алған адам болғандықтан, жоғарғы сынып мұғалімдері мені қалай қабылдайды деген ой туды. Оларға не айтамын деп қобалжып жүрдім. Бірақ конференция басталып, ол кісілер сұрақтарға жауап беріп, ойларын білдіре бастағанда жүрегім орнына түсті. Тақырыпқа сай келмесе де өзімдегі осы жағдайды айтсам дедім

Менің ойым топ өзгерсе де болады. Себебі біз барлық мұғалімдермен жұмыс жүргізіп көрсек... бастысы топ құрамы емес. Жүргізілетін жұмыстың жүйелілігі бірізділігі деп ойлаймын...

Д1 (зерттеуші)

Мен өзім үлкен жауапкершілікті сезіндім. "Практикаға қарсы теория" демекші зерттеу жұмысына теория барынша беріліп, ортаға салынып, ашық пікірлер айтылды. Өзгерісті практикада қолдануға дайын, әрине уақыт керек.

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

Онлайн жүздесу, шағын топта, жұмыс жасауға жеңілдеу, түсінікті болды.

Ұсыныс: топ қалып, әрі қарай жалғасса

Бүгінгі конференциядан не үйрендім?

* "Көшбасшы деген кім?" деген сұраққа жауап алдым.

*Көшбасшы болу үшін, тек оратор болудың өзі жеткіліксіз екенін, көп ізденісті, көп оқуды, білімділікті қажет ететінін білдім.

Не үйренгім келеді?

LS-ды сабақ барысында жүргізіп, тәжірибе алмасқан секілді, Share бағдарламасын да тәжірибемнен өткізгім келеді. Болашақта жұмыс жасағым келеді.

Өз түйгенім.

Көшбасшылық - ол көп адамда бола бермейтін қабілет. Көшбасшы болу үшін:

* Жақсы сөйлей білу, өз ойын жеткізе білу, аудиторияны өзіне аудару білу, сендіре білу т.б.;

* Әр түрлі сферадан хабардар болу, көп білу, білімділікті талап етеді;

* “Менікі дұрыс болмай қалса ше... Бәрі күлсеше...” деген ішкі дыбыстан аулақ болу;

* Директор, басшылар ғана көшбасшы бола алады деген ойды санадан ығыстыру;

Алынбайтын қамал жоқ. Көшбасшы болғыңыз келсе - бірінші орында өзіңізді қалай барсыз солай жақсы көріңіз, өзіңіздің іс-әрекеттеріңізді жақсы көріңіз, мейлі тіпті сыртқа ерсі болса да. Ешкімнің сөзіне мән бермеңіз. Сынды қабылдай біліңіз, баақаларды тыңдай біліңіз. В общем сол!

Б1 -конференцияға қатысушы (мұғалім)

Осы конференцияда алған керекті ақпараттарымды алтын ЧЕМОДАНҒА салып қайдым:

1. SHARE - іс-әрекетті зерттеуге арналған жоба;
2. LS – сабақты зерттеуге арналған жоба;
3. Бұл екі жоба бір-бірімен тығыз байланысты, ықпалдаса жүреді;
4. Аталған жобалар 2013 жылдан бері қарай НЗМ қолданысқа енгізілген, қазірде осы жүйе бойынша қаламызда 5 мектеп тіркелген (өз мектебінде «солдат» қатарында болып, шығып кеттім, кейін кіремін);
5. Осы мектептердің SHARE жобасындағы көшбасшылары өз мектептеріндегі барлық мұғалімдерге өз тәжірибелерімен бөліседі;
6. Іс-әрекетті зерттеу үшін мұғалім ең бірінші кәсіби білімін арттыру керек (бұл үздіксіз жүреді);
7. Екінші: мұғалім көшбасшылығын дамыту қажет;
8. 7 модуль, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру, бағалау түрлері (бірлескен жұмыс барысында көрсету керек)

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

9. SHARE - іс-әрекетті зерттеуге арналған жоба, яғни бұл жоба оқушыларды зерттеуге бағытталған. Себебі, біздің жұмысымыз тікелей оқушыларға бағытталған. Ал енді «Оқушылардың оқу үлгеріміне мұғалімдердің ықпалы қандай? Толығырақ айтсам: бұл 3 түрге бөлінеді, және де «төменнен-жоғарыға» қарай.

А) бір мұғалім, жалғыз өзі (thinking) – қатты ойланады, бірақ та іс-әрекеті аз;

Ә) екі мұғалім, яғни сыншы дос (pairing) – бір-біріне сыншы дос бола алады;

Б) бірнеше мұғалім (sharing) – кәсіби қауымдастық (яғни бірлесе, қауымдаса, топтаса жұмыс жасайды, олардың бойындағы қасиеттер, «Финдық модель» бойынша: бірлестік (қауымдастық), құзырлық, жауапкершілік, автономиялық). Сонда іс-әрекетті бірнеше адам зерттей алады. SHARE дегеніміз осы.

10. «Мектептің ішкі дүниесін түсінетін алатын мұғалім ғана мектепті өзгерте алады» Лоуренс Стенхауз (1981);

11. «Педагог мәртебесі» туралы Заңды толық оқуым керек;

12. Үнемі рефлексия жасап отыруым керек;

13. Соңғы жылдары менің сөздікқорымды байытып жүрген 20 термин:

- Рефлексивті іс-тәжірибе (Reflective practice)
- Іс-әрекетті зерттеу (Action research)
- Сабақтағы іс-әрекетті зерттеу (Lesson study)
- Сыншы дос (Critical friendship)
- Топтасып немесе бірлесіп сабақ өткізу (Team-teaching)
- Менторлық болу (наставник) (Mentoring)
- Коучинг (Coaching)
- Іс-әрекеттегі коллобральді зерттеу (Collaborative Action Research)
- Білімді қалыптастырушы мектептер (Knowledge creating)
- Мектептердің қауымдастық желісі (Network of schools)
- Білім беру саласындағы мектептер мен ЖОО-ның бірлесіп жүргізген зерттеуі (SUPER)
- Кәсіби педагогикалық қауымдастық -(PLC)

14. «ҚАТЕ» деп айтпаймыз дегенді біліп қалдым, салып қояйын чemoданыма

15. Яғни, осы конференцияны қорытындылай келе, көшбасшы мұғалімнің бойында көшбасшылық стратегия болу керек. Ал Сіз көшбасшы мұғалімсіз бе?

- ИӘ. (бұл туралы көп жазар едім «Көшбасшы деген кім?», сонау бала кезімнен осы күнге дейін т.б.) келесі жолы әдемілеп жазып беремін.

Осы конференцияда алған ақпараттардың ішіндегі әлі әлсізденіп тұрған, толықтыру қажет ететін сұрақтарым бар. Оларды ЕТТАРТҚЫШҚА саламын.

1. Кейс мектеп деген не?

2. Кейс мектептің 3 түрлі әдісінің (фокус топ, сұхбат, бақылау) әдістері бар екенін білемін. **Соның ішіндегі «фокус топ» дегеніміз не екенін білгім келеді?**

3. «РАСПОЛОЖЕНИЕ УЧИТЕЛЕЙ - ИСТОРИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ КУЛЬТУРА» осы туралы мағлұмат болса;

Осы конференцияда алған керек емес ақпаратты ҚОҚЫСҚА саламын.

Жалғыз мұғалім болып қалма. Өйткені «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деген атам қазақ. Бірлесіп жұмыс істеңіз, Берік Туркестанович (ішкі монолог). Онымен қоса директордың сөзі үнемі Лениннің сөзіндей есіме түседі де тұрады: «Заман, технология күн өткен сайын өзгеруде. Бүгінгі қолданып жатқан әдіс-тәсілдер ертең керек емес. Қазір алған мамандығыңның болашақта еш қажеті болмауы мүмкін. Сондықтан да, өзінді өзгерт, ойыңды өзгерт. Жаңалықшыл бол, көшбасшы бол».

T1 - қатысушы (мұғалім)

Бірлескен ұжым болып, бір-бірімізге қолдау, көмек беріп, жас-үлкен демей тәжірибе алмасып зерттеу сабақтары жүрілді. Негізгі мақсатымызға жеттік, дұрыс бағытта жұмыс жасадық, әлі де жасаймыз. Нақты, тиімді әдіспен әрекет етеміз, ал КӨШБАСШЫЛЫҚ әр әрекетімізбен бірге қатар жүріп отырады. Рақмет!

A1 - қатысушы (мұғалім)

"BIRGE OQY" жобасының пікірталас алаңындағы "Мұғалімнің кәсібилігі мен көшбасшылығы-білім беру негізі" тақырыбында бүгін өткен вебинар бойынша 8 мамыр күні шағын топта рефлексивті-мотивациялық талдау жүргіздік.

"Мұғалімнің кәсібилігі мен көшбасшылығы-білім беру негізі" тақырыбындағы вибнар жүргізген екі спикер жасаған презентациядан ең маңызды түйіні біліктілікті дамытуда педагогтардың кәсіби ынтымақтастығы мен ұстаз көшбасшылығын дамытудағы келтірген деректері.

Мектепті дамыту үшін мұғалім жауапкершілігі мол, тез шешім қабылдайтын, пікір білдіре алатын білімді маман, ынтымақтастықта жұмыс жасай алатын болу керек.

Педагогикалық жұмысымда Lesson Study - ынтымақтастық педагогикалық тәсілді жүзеге асырып отырмыз. Lesson Study – ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобыда 6 бастауыш мұғалімі бар. Әліде бұл жұмысты дамытамыз деп ойлаймын. Қазақстандағы реформаның дұрыс бағыт алуы ол мектептегі көшбасшылықты дамытуға тікелей тәуелді. Көшбасшы

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

болу үшін үздіксіз білім алу, жауапкершіліктің жоғары болуы, барлық іске ынталы болуы, тәуекелге бел байлай алатын болу керек екенін терең түсініп отырмыз. Соны іс-әрекетпен көрсетуіміз керек. Мен педагог ретінде өзіме қатысты жұмыстарға жауапкершілікпен қараймын. Адамның ең басты құндылығы жауапкершілік. Жауапкершілік болмаған жерде, ешқандай жұмыс жүзеге аспайды. Даму болмайды.

Менің үздіксіз кәсіби білім алуыма мектеп әкімшілігі тарапынан жағдай жасалып отырады, бағыт беріледі.

Оқу жылының сонында біз іс-әрекеттегі зерттеудің бірінші айналымын аяқтауға күмәнмен қарадық, себебі өзімізді көп сұрақтарға жауап алмағандай сезіндік. Мамыр айындағы онлайн сессиялардың бірінде менторларымыздың қолдауымен зерттеу сұрағымыз мазмұндық емес сандық сипатқа ие болғанын түсініп, қайтадан зерттеу сұрағымыздың бастапқы контекстіне оралдық. Біз менторлардан бақылау дағдысын арттыруға, декреттерді өндеуге қажетті нақты нұсқаулықтар берулерін сұрадық.



03.06.2020ж. зерттеушілерге Perussal оқу алаңында үш тілде жазылған «Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе («Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе» Dr Elaine Wilson & professor Aizhana Abibulayeva) әдебиеті беріліп, оқуға ұсынылды. Ол әдебиетте барлық зерттеу жұмысына қажетті ақпараттар айқын, мәліметтер нақты мысалмен берілген. Аударма тіліндегі қиындыққа қарамастан зерттеушілер, еріктілер тобы оқып, алдағы уақытта ортаға салып бөлісу ұсынылды.



05.06.2020ж. 76 мектеп-лицей зерттеушілеріне арналған Zoom патформасында Кембридждік менторлармен жоспарланған кезекті онлайн-сессия өтті. 03.06 күні алдына ала олар бізге зерттеу тақырыбы бойынша (кейс-стади) танысуға арналған мысалдарымен мәліметтер жіберді және SPEAKUS аудармашы платформасын жүктеу нұсқаулығын жіберді.

К1: бұрынғы оқыту семинарларында баяндалған негізгі идеяларға қайта оралуыңыз, бұл сізге іс-әрекетті зерттеуді жүзеге асыруға көмектеседі.



SHARE жобасының мақсатын еске түсіре отырып, серіктес мектептер хабын (қоғамдастық құру) туралы айта келе:

- іс әрекетті зерттеуді қолдана отырып білім сапасын арттыру;
- рефлексия мен зерттеу дағдысын дамыту;
- әр оқушы пікіріне құрметпен қарау;
- бақылау жүргізу;
- рефлексивті жазба;
- оқушы үні туралы ой қозғалды

К2: оқушы концепциясы туралы айта келе:


- мұғалім/мектептегі зерттеулер; оқу мен үйрену; ынтымақтастық;

SHARE-76


Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

- терең түсіну; тұрақты өзгерісті орнату;
- мектеп мәдениеті және этос (өнегелік келбеті);
- мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру ;
- ортақ көзқарас;
- сенімді қарым -қатынас, бойынша тоқталып өтті

Іс-әрекеттегі зерттеудің спираль (слайд)тоқталып өтті



K1: тәжірибені жақсарту және түсіну немесе шешім қабылдаудағы ақпараттың жүйелі әдісі тақырыбында: қандай іс-әрекетті қолданамыз? деген сауал қоя отырып , өзі көрсетіп отырған бойынша тоқталған ақпараттары:



- іс әрекетті зерттеу қағидалары, құндылықтары, болжамдары;
- жүйелі зерттеудің жариялануы;
- шешімдер деректерге негізделген, деректер ашық және талқыланған (әріптестермен);
- тәжірибеге және білім беру саясатына сын тұрғысынан қарау және сұрақ қою

(әріптестерді тарту, олардың пікірін тыңдау);

- демократиялық үрдіс;
- моральдік-этикалық үрдіс;
- мектепті пен білім беруді басқа мақсатта жұмыс істеуге емес, тек мұғалімдер мен оқушылар үшін жақсарту / зерттеудің спиралі көрсетілді/

Үдерістегі факторлар:

1. мәселені анықтау- бұл ортақ мәселе ме? Неліктен бұл мәселе?
2. іс-әрекетті зерттеуді нақтылау үшін кеңес беру және келіссөздер жүргізу (кім? қалай? қашан?);
3. зерттеулер мен іс-шаралар жоспарын жобалау;
4. жобалауды іске асыру үшін кеңес беру және келіссөздер жүргізу;
5. жобаны басқару және іске асыру;
6. жобадан білім құру



Осыдан кейін топқа бөлініп, топтық талқылау жасадық. Қала координаторлары бізге бақылаушы болды.

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

К1: екінші мәселе: Как школа подашла выбору направления исследования и вопросов. Что вы думаете об этом?

Осыдан кейін топтағы талқылау бойынша, әр топ дайындалған сұрақтарын ортаға салды. Ортақ сұрақ К1:екінші мәселе: Как школа подашла выбору направления исследования и вопросов. Что вы думаете об этом?



К1: 1.Үрдістің ең қиыны мен маңызды бөлігі:

- фокус бір мәселеде немесе проблемада;
- зерттеу мүмкіндіктері- құжаттар мен дағдыларды қолдана ртырып толыққанды нақты жауап алуға болатынын;
- проблеманы түсіндіруге итермелейтін мәселені талқылау;
- өзгеде зерттеу жұмыстарымен танысу;
- алдын-ала дәлелдер жинауды жүргізу;
- сұрақтарды нақтылап қою;
- дәлелдер жинау.

2.Зерттеу үшін зерттеу әдістерін қалай таңдаймыз?

- мақсатқа сай боуы тиіс;
- саны емес сапалығы, қарапайымдылығы;
- біздің сұраққа жауап беру үшін деректердің қай түрі көмектесе алады;
- орындалуына мүмкіндіктің барлығы бар ма?;
- уақыт және ауқымы;
- әр-түрлі әдістердің артынан кетіп қалмау;
- мектеп жоспарына қайта оралу



ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ

Сессия соңында :18 маусымда өтетін онлайн кездесуге:

- «Өзгерісті енгізу не үшін керек?» және «Бүгінгі мектебіміздің негізгі оқу кезеңдері мен әрекетін анықтау» сұрақтарына жауап іздеу
- зерттеу барысындағы жұмыстарды ұжымдағы жариялығы қаншалықты дұрыс?

К: - зерттеудегі әдіс-тәсілдер бойынша топ жұмысы;

- уәж беру;
- оқушылар өздерінің осы жобаға қатысты екенін білу;



Нақты ақпарат жариялау және жариялауда сақ болу. Зерттеудің нәтижесін шығаруға асықпаңыз!



онлайн-сессияда менторлар артқа бір қадам жасай отырып, нақты ақпараттар берді; бұрын зерттеу жұмысында берілген ақпараттарға оралу

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education




13.06.2020ж. Нұр-Сұлтан қаласының №59 мектеп-лицейінде Жоғары білім беру мектебі, Назарбаев университеті маманы Аюбаева Н.А. ұйымдастыруымен қалалық Share хабындағы мектеп зерттеушілері еріктілермен бірге кезекті оффлайн бетбе-бет кездесті. Кездесуді қалалық үйлестірушілер жүргізді.

Талқыланған негізгі тақырыптар:

1. Негізгі концепциялар;
2. Оқушының үлгеріміне әсер ететін факторлар;
3. Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізуге қолай жағдай жасау;
4. Мінсіз оқушының моделі;
5. Мінсіз мұғалімнің моделі;
6. Тәжірибеге рефлексия жүргізу;

Мақсаты: оқушылардың ,мұғалімдердің қажеттілігін және еңбек жағдайын терең түсіну



Н: SHARE- Неге? Қалай?Нені? SHARE не үшін келдің ? (слайд 1 сурет) сұрағымен миға шабуыл стратегиясы бойынша артқа бір қадам жасады.

Р1:

1.Бала үлгеріміне не әсер етеді? Сұрағын негізе ала отырып жұмысын бастады

-"аквариумдағы балықтар" мысалын ала отырып

<https://gazeta-pedagogov.ru/metod-akvarium-kak-vovlech-kazhdogo-uchenika-v-diskussiyu/> "ең әсерлі болатын фактор?" деп сұрақ қоя отырып «қауіпсіз орта» маңыздылығына тоқталды

2. Шаталов әдісіндегі «тұздалған қияр мен жас қиярдың» айырмашылығын салыстыра келе, ұстаздардың бала үлгеріміне әсері, ұстаздардың бірлескен жұмысының нәтижесі, ортақ көзқарас, сенім арту, жауапкершілік, шыншылдық, әдептілік, сұрақ қоя білу, білгеніңізбен бөлісу, деректерге сүйене отырып шешім қабылдау екенін ашты.

3. Н: мектеп мәдениеті деген не? сұрағына өз тәжірбиесімен бөлісу барысында, туындаған, куә жағдайы:

- ауылды жердегі НЗМ іс-сапарға барған кезде оқулықтағы жіберген қатеге ата-ана келіп ренжігенде, мұғалімдер НЗМ басшыларынан сұра деп, жауапкершіліктен қашқан және оқулықты алған жеріне қайтарғанның



SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

орына барлық жүйені кінәлаған /минстрлік, НЗМ басшыларын/, яғни кейде мұғалімдер тарапынан жауапкершіліктен қашып, барлық кінәні басқаға сілтеп қою: мұғалімдердің өзінің кәсіптік шеберлігіне нұқсан келтіруден арылу; зерттеушілердің жұмысын қалай тиімді жүргізу; фокустан алшақтап кетпеуін қадағалай отырып «сенім» және "қорқынышты" жеңіп шығуын зерттеп отыруға ой тастады.

Ойламаған іс-әрекет, біреуді кінәлау, жауапкершіліктен қашу түзу ой қалыптастырмайды дей келе, сөзін «Адам мәдениеті өзінің әлеуметтік ортасынан алады, ол ішінара оны тәрбиелейді, ішінара бойына сіңіреді» (Абраам Маль, француз философы, 1975) сөзімен аяқтады.

4. Қ:зерттеуші ұстаздардың қасиеттері бойынша :

- жан-жақты;
- көмек қолын созатын;
- сабырлы;
- рефлексивті;
- өзінен есеп алып отыратын ұстанымы бар ұстаз;
- бақылаушы;
- адал;
- шыншыл;
- кәсіби білікті;
- іздемпаз болуы керектігін ортаға салды. Зерттеушілер де ұстаздардың қасиеттері туралы өз әсерлерімен бөлісті.



Мектеп мәдениетін түсіну барысында мұғалімдер оқушылардың, мұғалімдердің қажеттілігін ескере отырып, өздерінің ішкі қарсылықтарын жоюға талпынады.

Бірінші циклдің зерттеуі барысында біз зерттеу сұрағымыздың әлі де кең ауқымды екенін түсініп, алдағы оқу жылында сыныптың ішіндегі көріністі толық ашатын зерттеуге, яғни сынып ішіне еруге шешім қабылдадық.

Жобадағы бес мектептің іс-әрекеттегі зерттеу бірінші циклде атқарған барлық жұмыстарын жариялау үшін және жобаға жаңадан келген 8 мектепке тәжірибе бөлісу мақсатымен менторларымыз бен Аюбаева Н.А. 2020 жылдың 26-қарашасында мини-конференция ұйымдастырды. Конференцияға бақылаушы ретінде Кэмбридж университетінің докторлары тартылды. Бұл мини-конференцияда SHARE-жобасының қоғамдастығына үш негізгі бағыт бойынша:

1. Action Research қызметін оқу мен оқытудағы жақсартулар мен оң өзгерістерді қолдаудың тиімді құралы ретінде қалай пайдалануға болады
2. Тиімді ынтымақтастықты дамыту
3. Маңызды және тұрақты өзгерістер үшін жағдай жасау

SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

өз оқуларының барысында пайда болған ойларымен, қорытындыларымен бөлісу мүмкіндігіне ие болды. Жобадағы әрбір мектеп жіне БЖО мини-конференцияға постерлік презентация, кейс-стади және бейнеролик шығару талап етілді. Барлық ресурстар refusal.com платформасына жүктеліп, қатысушыларға танысуға, пікір қалдыруға, сыншы дос тұғырынан тәжірибені жетілдіруге ой бөлісуге мүмкіндік берілді. Талапқа сай аталған ресурстарды дайындауға зерттеушілер, еріктілер және БА-сыныптың пән мұғалімдері ынтымақтастықта тиімді жұмыс атқарды. Мини-конференция шарты бойынша қорғауға постерлік презентация ұсынылды. SHARE-жобасының еріктілері: Джанузаков Б.Б., Турашева М.З. және Макишева Т.К. постерлік презентацияны үлкен жауапкершілікпен қорғап шықты. Спикерлер постерлерін қорғау барысында жоғарыда көрсетілген үш бағыт бойынша тыңдаушылар бақылау жүргізіп отырды. Яғни әр мектеп іс-әрекеттегі зерттеуді оқу мен оқытуды жетілдіруде, ынтымақтастықты қалыптасытуда және тұрақты өзгерістерді енгізуде қаншалықты тиімді құралға айналдыра алғандығы жайлы конференция чатында сыншы достардың пікір бөлісуі жүріп жатты. Бұл процесс тыңдаушылардың тыңдалым, бақылау дағдыларын жетілдіруде өте тиімді тәжірибе болды. Сессияның аяғында тыңдаушылар топтарға бөлініп, тәжірибе алмасу бойынша талқылау жүргізіп, талқылаудың нәтижесін Padlet тақтасындағы стикерлерге шығарды. Мини-конференцияға қатысушылар үшін жұмысты ұйымдастырудың және кері байланыс берудің нақ осы форматы тиімді әрі жағымды жаңалық болғаны рас. Жарты күндік мини-конференцияда SHARE-жобасының бірінші циклынан өткен мектептер мен БЖО зерттеушілері және жобаға жаңадан келген зерттеушілер өздеріне өте мазмұнды әрі терең зерттеулерге негізделген шынайы тәжірибе толы ақпарат алды.

Зерттеу сұрағы: **Оқушылардың оқу жетістігін қалай арттырамыз?**

Аннотация: SHARE жобасы шеңберінде жүргізілген зерттеудің бір айналымындағы әрекеттер туралы баяндалады.

Зерттеудің сипаттамасы:

Зерттеу барысында ең маңыздысы зерттеу сұрағын анықтау болды. Зерттеу сұрағы оқу жетістігін жақсартуға бағытталғандықтан таңдалған сыныптағы AR негізгі құралы LS болды. AR тиімді ұйымдастыру үшін коллаборативті жұмыс жүргізілді. LS жүргізген мұғалімдердің рефлексивті пікірлері, зерттеу деректері талданып, ортақ талқылаулар жүргізілді. Сынып оқушыларының осы кезеңге дейінгі оқу үлгерімдерінің көрсеткіштері, сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы коммуникация, оқу тапсырмалары, оқыту әдістері қарастырылды. Оқушыға және оқытуға деген көзқарасты өзгертуге бағытталған әрекеттер іске асты. Бір циклдегі зерттеу барысында сәтті нәтижелермен қатар кедергілер де болды.

ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 МЛ
www.school-hub76.kz
8-7172-57 65 83




Зерттеуді оқуымды сұрақтан бастамаңыз. Зерттеу сұрағы → мектеп құндылығы. Асыртпаңыз!

Маңызды және тұрақты өзгерістер үшін қандай жағдайлар жасалды?



Оқитын әдебиетті фокусқа бағыттаңыз.

5 А сыныбының білім сапасы (%) 2019-2020 о.ж.



Зерттеу нысаны: **5-а сыныбы**



Әрекеттің шынайылығына мән беріңіз. Сандық емес, сапалық өзгеріс маңызды. Мұғалімдердің 100% белсенді болмайтынын ескеріңіз.

Не өзгерді?


- Жалпы алғанда сыныптың білім сапасы жоғарылады (0% -дан 53%);
- Сыныпта ұжымдық жауапкершілік, ұйымшылдық артты;
- Оқытуда интерактивті әдістер жүйелі қолданыла бастады;
- Оқушыларда сенім пайда болды (өзіне, достарына, мұғалімдерге).

Не өзгертеміз?


- ✓ Қашықтан оқыту жағдайында LS жүргізу жолдарын қарастыру;
- ✓ Зерттеушілер мен еріктілерді LS тікелей қатыстыру;
- ✓ Зерттеу сұрағына байланысты әлемдік отандық зерттеулермен танысу;
- ✓ Пәндік білім сапасына талдау жасау;
- ✓ Әр оқушының даму сатысын құру.

Оқушы сауалнамасының нәтижесі


Сіз мектепте бақыттысыз ба? Неліктен?



Бақытты себебі:




Бақытсыз себебі:



SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education


Мектепте нені өзгерткіңіз келеді?



*(химия, физика, алгебра, әдебиет, ағылшын, тәрбие завучі)

** (шкаф, гардероб, әжетханада айна жоқ, диван, 1эт.суық, фонтан)


Мектепке не үшін келесіз?



SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

Мектепті жақсартуға қандай үлес қосы аласыз?




*(шкаф, әжетхана, сынып безендіру, wifi)

** (спорт, ағылшын, робототехника, IT)

*** (қоқысты бөлу, бәріне көмектесу, өсімдік көбейту, кезекшілік)

Ата-аналар сауалнамасының нәтижесі


Сіздің балаңыз мектепте бақытты ма? Неліктен?




SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

Мектепте қандай өзгеріс болғаның қалайсыз?




Мектеп өмірін жақсартуға Сіздің үлесіңіз?



SHARE-76


Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

Неліктен осы мектепті таңдадыңыз?




Мұғалім сауалнамасының нәтижесі

Сіз өзіңізді мектепте бақытты сезінесіз бе? Неліктен?




Мектепте нені өзгерткіңіз келеді?




SHARE-76

Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы School hubs for action research of education

Мектептегі ұжымдық мәдениетті, ортақ мүддені қалыптастыруда
сіздің рөліңіз қандай?



Сізді не ынталандырады?



SHARE-76**Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы
School hubs for action research of education**

Қосымша 3

Мектептің AR бұрышына алынған және ұсынылған кітаптар тізімі:

№	Ортақ тақырып	Кітаптың аты	Авторлары
1.	Ғылыми эксперименттік әдебиет	100 тысяч почему	Сергей Владимирович Альтшулер Владимир Игоревич Малов
2.		Думай и изобретай	Тим Скоренко
3.		Опыты и эксперименты	Л.Д.Вайткене М.Д.Филиппова
4.	Өзін өзі дамыту, мотивация, көшбасшылық	Смерть экспертизы	Том Николс
5.		Сила воли	Келли Макгонигал
6.		Трансформатор Как создать свой бизнес и начать зарабатывать	Дмитрий Портнягин
7.		21 урок для XXI века	Юваль Ной Харари
8.		Неудержимый	Ник Вуйчич
9.		Жизнь без границ	Ник Вуйчич
10.		Көшбасшылық	Шыңғыс Мұқан
11.		Наказание наградой	Альфи Кон
12.		Ты будешь изобретать	Ави Джориш
13.		Гибкое сознание	Кэрол Дуэк
14.		Жасампаз жандардың 7 дағдысы	Стивен Кови
15.		Феррариын сатқан монах	Робин Шарма
16.	Оқыту	Оқыту теориясы	Дейл Х.Шнук
17.		Ой еңбегі мәдениеті немесе оқудың 101 техникасы	Рудик Г.А.
18.		Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу	Элен Битэм Рона Шарп
19.		Как учиться на отлично?	Рон Фрай
20.		Классный учитель	Нина Джексон
21.		Фэшн-иллюстрация	Анна Кипер
22.		Mark. Plan. Teach.	Ross Morrison McGill

SHARE-76**Білім саласындағы іс-әрекетті зерттеуге арналған мектептер хабы
School hubs for action research of education**

23.		Educational reform and internationalization: The case of school reform in Kazakhstan	David Bridges
24.	Есте сақтау мен ойлау қабілетін дамыту	Самая полная книга-тренажер для развития мозга!	Антон Могучий
25.		Как работает ваш мозг	Элисон Джордж, Кэролайн Уильямс
26.		Креативный мозг	Элхонор Голдберг
27.		Феноменальная память	Станислав Матвеев
28.		Супер память за семь шагов	Андрей Сафронов
29.		Быстрый ум	Майк Байстер Кристин Лоберг
30.	Қарым-қатынас, қолдау	Пиши, сокращай	Максим Ильяхов Людмила Сарычева
31.		Помощь	Эдгар Шейн
32.		Говори, вдохновляй	Саймон Ланкастер
33.		Понимание медиа внешние расширения человека	Маршалл Маклюэн
34.		Общайся так, чтобы тебя слышали, слушали и слушались!	Дейл Карнеги Наполеон Хилл
35.	Тайм менеджмент	Режим гения	Мейсон Карри
36.		Мастер времени	Брайан Трейси